



ЖҮРЕК АУРУЫНАН ЕШКІМ САҚТАНДЫРЫЛМАҒАН

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының дерегіне сүйенсек, инсульт пен инфаркт әлемдегі ең қауіпті он аурудың қатарында көш бастап тұр. Күн сайын шамамен 20 мыңға жуық адам осы дерттің салдарынан көз жұмады. Дәрігерлер инфарктің жастар арасында да жиі кездесіп жатқанын айтып, дабыл қағуда. Осы мәселеге байланысты біз кардиолог Гүлжан Жаңалықовамен жүрек аурулары мен дәрігерлердің мәртебесі жайлы сұхбаттастық.

– Жүрек-қан тамырлары ауруларының пайда болуына не әсер етеді?

– Алғашқы маңызды фактор – тұқым қуалаушылық. Егер ата-анасында жүрек аурулары немесе кенеттен болған өлім жағдайлары тіркелсе, бұл балаға да берілуі мүмкін. Келесі негізгі себеп – атеросклероз. Бұл жүрек артерияларының май тіндерімен бітелуінен туындайды. Мұндай жағдайда тамырлар тарылып, ағзаға қажетті қан айналымы нашарлайды, нәтижесінде жүректің ишемиялық ауруы, стенокардия, миокард инфаркті сияқты қауіпті дерттер пайда болуы мүмкін.

Сонымен қатар, жоғары қан қысымы да жүрек ауруларына себепші болады. Бұл жүрек артерияларының ішкі қабырғалары мен бұлшықеттерін зақымдап, жүрек клапандарының кеңеюіне және жүрек бұлшықетінің гипертрофиясына әкеледі.

Тағы бір маңызды фактор – қант диабеті. Бұл жағдайда жүрек аурулары тез дамиды, себебі қандағы қант деңгейінің жоғары болуы қанның қоюлануына, артериялардың атеросклерозды тіндермен бітелуіне және тамырлардың тарылуына себеп болады. Дұрыс тамақтанбау және семіздік те жүрекке кері әсер етеді. Физикалық белсенділіктің төмендеуі (гиподинамия) жүрекке артық салмақ түсіріп, жүрек-қан тамырлары жүйесінің қызметін әлсіретеді. Зиянды әдеттер, әсіресе шылым шегу, алкоголь және энергетикалық сусындарды тұтыну жүрек тамырларын зақымдап, түрлі жүрек ауруларын тудырады. Соңғы маңызды фактор – стресс. Ұдайы күйзеліс кезінде бүйрекүсті бездері кортизол гормонын көптеп бөліп, бұл қан қысымының тұрақты түрде жоғарылауына әкеледі.

(Жалғасы 3-бетте)

(Жалғасы 3-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ПӘНДЕРДІ БІРІКТІРУ: ҚАЖЕТТІЛІК ПЕ, ҚАТЕЛІК ПЕ?



Бүгінде орта мектептегі білім беруге қатысты қоғамда пікір көп. Әсіресе, кейбір пәндік сабақтарға деген көзқарас, оқу бағдарламасына қатысты сыни сөздер әр жерде айтылады. Қазіргі уақытта Оқу-ағарту министрлігі білім беру жүйесіне өзгеріс жасау үшін бірқатар талқылау жүргізіп жатыр. Дұрысы, кейбір пәндерді оқытуда өзгерістер орын алмақ. Мысалы, «Алгебра» мен «Геометрия» пәнін «Математика» пәніне, «Физика», «Химия», «Биология» пәндерін «Жаратылыстану» пәні етіп біріктірмекші. Бұған қосымша өзге пәндерді дәл осындай әдіспен оқыту ойластырылуда.

ТҮЙТКІЛ

ЗАҢСЫЗ ШЫҒАРЫЛҒАН АКТИВТЕРДІ МЕМЛЕКЕТКЕ ҚАЙТАРТУ МІНДЕТ

1993 жылы Ішкі істер министрлігі Ұйымдасқан қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі бас басқармасына (ҰҚСЖҚББ) қарасты Жезқазған облысы бойынша бөлімінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тобының қызметкерлері Жайрем-Атасу еркін экономикалық аймағында орналасқан «Сарыарқа полиметалл» өндірістік бірлестігіне (ӨБ) байланысты бірнеше сыбайлас жемқорлық қылмысын анықтады. Мен топ жетекшісі ретінде осы кәсіпорынға нақтылы бір қылмыстық іс болмаса тексеруге рұқсат берілмейтінін біліп, «Сарыарқа полиметаллдан» автомашиналарды алып сататын «Казвнешмаш» қауымдастығы басшылығының қылмыстарын ашып, №1011 қылмыстық іс қозғап, соған қатысты «Сарыарқа полиметалл» ӨБ-нің басшылығын қосып, тергеу үшін қылмыстық істі тергеу бөліміне жібердім.

Ұйымдасқан коррупциялық қылмыстың схемасы мынандай болатын: «Сарыарқа полиметалл» ӨБ шетел фирмаларына цинк сатып, ол үшін тікелей төлем алмай «Жезлада»

АҚ арқылы автомашина алып, оның біразы «Казвнешмаш» арқылы талан-таражға салынған. Нәтижесінде №1011 қылмыстық іс сотқа бөлек жіберіліп, 1994 жылы «Казвнеш-

маш» қауымдастығы филиалының басшылары сотталды.

Ал №1013 қылмыстық іс бойынша мынадай жағдайлар анықталды:


1992 жылы 14 мамырда «Сарыарқа полиметалл» ӨБ және «Ориент» деп аталатын шетелдік фирма №42 келісімшарт жасайды. Осы шарт бойынша «Ориент» 1992 жылы 3 тамызда «Жезлада» АҚ-ға, «Сарыарқа полиметалл» ӨБ-ге хабарлап 1992 жылдың I кварталының бағасымен көптеген «Жигули» автомашинасын жібереді. «Сарыарқа полиметалл» ӨБ 1992 жылы 14 тамызда шартта көрсетілген 40 машинаның құны деп, сол шартта I кварталдың бағасы көрсетілгеніне қарамастан, II квартал бағасымен «Жезлада» АҚ-ға екі есе артық төлем жібереді. Бұл 80 «Жигулидің» құны болатын. Жіберген машиналар үшін «Жезлада» АҚ I квартал-

дың бағасымен фирма «Ориентке» ақшаны төлеп, берешегін жабады. Фирма «Ориент» №42 шарт бойынша алған 430 тонна цинкке «Сарыарқа полиметалл» ӨБ-ге бөлек төлем төлемейді. Осылай квартал сайын болып жатқан инфляцияға байланысты автомашинаның құнсыздануын пайдаланып, 1992 жылдың қараша айында тек қана ВАЗ-21093 «Жигулиді» 1992 жылғы IV кварталдың бағасымен сәт-справкалар жазып, қалған сумманы жабады. Оның екеуін түсті металл министрлігі саласындағы жоғарғы лауазым иелері алады. Біреуін Жезқазған облысы бойынша ҰҚК бастығының орынбасарына ақшасын төлетпей жазып беріп, талан-таражға салады.

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Жезқазған облысы бойынша бастығының орынбасары Дарибеков Болат Жакенұлының 1993 жылғы 28 қарашадағы №832893 справка-сөзпен меншігіне айналдырған (двигатель №12447096, кузов № P1229993 ВАЗ-21093 маркалы) Жигули машинасы бойынша ешқандай процессуалдық шешім қабылданбайды.

(Жалғасы 5-бетте)

2-бет



**Электронды білезік
қылмысқа тосқауыл қояды**

4-бет



**Қоғамдық
жұмыстан
жалғандарға
жауаптылық
бар**

8-бет



ШҮҒЫНЫҚ

СУДЬЯ МІНБЕРІ

БАЗЫНА

ЖЕКЕ ШАҒЫМДЫ ҚАРАУ ТӘРТІБІ ҚАЛАЙ?

Биылғы бірінші жұмыс іс қараудан емес, судьяға келтірілген шағымды қараудан басталды. Жеке шағыммен бірге аталған іс алқаның қарауына да түсіп тұр. Бірақ, сол уақыт аралығында шағымданушы шағым жолдап үлгерген. Шағым мазмұны бойынша талап қоюшы өзінің үкілеген талабын соттың қарағысы келмей, кері қайтарғанын, мұндай әрекетпен келіспейтінін жазып негіздеген.

Бірінші сатыдағы сот талаптың соттың қарауына жатпайтынын, қандай да бір сот қарайтын дау туындамағанын түсіндірген. Өз кезегінде сот әрекетін ұйғарыммен рәсімдеп, сот актісінің қарар бөлігінде ұйғарымның түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бірінші саты соты арқылы Қызылорда облыстық сотының сот алқасына апелляциялық тәртіппен жеке шағым келтірілуі мүмкін деп тайға таңба басқандай көрсеткен. Әрі қарай, шағымданушы «он жұмыс күні» сөзіне мән бермей, жеке шағыммен кешіктіріп бердім деп түсініп, шағым беру мерзімін қалпына келтіру туралы қосымша «арыз» жазған. Мерзіміңіз өтпеді деген тіркеуші маманға ренжіп, нәтижесінде облыстық сот төрағасына шағым келтірген. Сот ұйғарымы 10 желтоқсанда шығарылып, 23 желтоқсанда жеке шағым берілген. Арасында небәрі 6 жұмыс күні өткен.

«Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Конституциялық заңының 1, 25-баптарына сәйкес, сот ісін қарау тәртібімен қаралуға тиіс өтініштерді, арыздар мен шағымдарды басқа ешқандай органның, лауазымды немесе өзге де адамдардың



Ш.МАЛИКОВА, Қызылорда облыстық сотының судьясы

қарауына немесе бақылауға алуына болмайды. Судьялар сот төрелігін жүзеге асыру кезінде тәуелсіз және Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңға ғана бағынады. Ешкімнің сот төрелігін жүзеге асыру ісіне араласуға және қандай да болмасын ықпал етуге құқығы жоқ. Сондықтан, шағым жазбас бұрын ойланып, сот актілерімен келіспесеңіз, оларды заңда көзделген тәртіппен ғана шағым келтіруге құқылы екеніңізді түсіндіреміз. Себебі уақыт деген бәріміздің баға жетпес құндылығымыз...

РЕФОРМА

КАССАЦИЯЛЫҚ СОТ ДӘЛЕЛДЕР ЖИНАУМЕН АЙНАЛЫСПАЙДЫ



М.САРСЕНОВ, Бәйдібек аудандық сотының төрағасы

Қазақстан Республикасында қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі кассациялық соттар жұмыс істей бастайды. Кассациялық сот – апелляциялық сатыдан өткен сот істерін қайта қарап, заңның дұрыс қолданылғанын тексеретін кассациялық сатыдағы сот органы. Жоғарғы Сот жоғары сот органы ретінде заңда көзделген жағдайларда өзінің соттылығына жатқызылған сот істерін қарайды. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот жүйесін реформалау және процестік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңымен қылмыстық, азаматтық, әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстеріне кассациялық соттарға қатысты өзгерістер енгізілді. Аталған өзгерістерге сәйкес кассациялық сотқа берілетін шағымдар кассациялық шағымдар деп аталады.

Кассациялық шағым бойынша іс ақылға қонымды мерзімде, бірақ келіп түскен күнінен бастап алты айдан аспайтын мерзімде қаралады. Кассациялық шағым берудің реті айқындалған. Соған орай апелляциялық сот шешімімен келіспеген; бірінші және апелляциялық сатыларда заң бұзушылықтар орын алған; жаңадан ашылған мән-жайлар анықталған жағдайда кассацияға жүгінуге болады.

Кассациялық шағымды тек мүдделі тараптар немесе прокурор белгілі бір мерзім ішінде бере алады. Бұл саты жаңа дәлелдер жинаумен айналыспайды, тек төменгі соттардың материалдарын зерттейді. Кассациялық соттың шешімі түпкілікті болып табылады және қайта шағымдануға жатпайды. Тек заңда көзделген жағдайларда Жоғарғы Сотта қайта қаралуы мүмкін.

Кассациялық сот әділеттілікті қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарып, азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғау, сот шешімінің заңдылығын қамтамасыз ету мақсатында қызмет етеді.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

«Адам қайғысы – заман қайғысы» деп бабаларымыз айтқандай, әрбір сотқа жолданған арыздың заңды шешімін табуы маңызды. Ең бірінші заң кірпішін қалаған Төле, Қазыбек, Әйтеке билер жазған «Жеті жарғы» заңы қазақтың әділдік жолы болғандықтан, ата-бабаларымыздың осы бағыттағы даналығы қазіргі жетістіктерге жеткізіп отыр.

ЫНТА БОЛСА АДАМДА, ҚИЫН ІС ЖОҚ ҒАЛАМДА

«Заман қамын ойлаған – саналықтың белгісі, адам қамын ойлаған – даналықтың белгісі», «Болар адам он бесінде бас болар, болмас адам қырық бесінде жас болар» деген тәрбиені ұстанып, заман мен адам қамын ойлап, саналық пен даналықты бойына сіңіріп өскен баланың ой-өрісі, ақылдылығы ақсақал қариялардың жасындай даналықпен ерекшеленіп өссе кәмілет жасына толмаған жас жеткіншектердің қылмысы да азаяр еді.

Отбасы бұзылғаннан кейін алименттен жалтаратын әкелер де көбіне жұмыстың жоқтығын алға тартады, алайда ата-бабаларымыз «Жақсы болар жігіттің жұмыссыз жүрген күні жоқ, жаман болар жігіттің екі жұмысқа қыры жоқ», «Ынта болса адамда қиын іс жоқ ғаламда» деп бекер айтпаған. Судьяға жүктелген жауапкер-

шіліктің артында адам тағдыры тұрғандықтан, оның жүгі ауыр. Ал әр істің мән-жайына түбегейлі еніп, дәлелдерімен сараптап, әділ шешім шығару біз үшін маңызды. Маңғыстау облысының кәмілетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында 2024 жылы 3813 азаматтық іс қаралған, 2023 жылы бұл көрсеткіш 1234 істі құраған, яғни 2023 жылмен салыстырғанда 2024 жылы іс 2579-ға көбейген. 2024 жылы 110 қылмыстық іс қаралса, 2023 жылы 71 іс бойынша түпкілікті үкім шығарылған. 2024 жылы 25, 2023 жылы 10 әкімшілік іс қаралған.

Сотта даулы істерде бірінші татуластыру шаралары ұсынылып, бітімгершілікке келу жолы көрсетіледі. Осы бағытта қабылданған «Медиация туралы» заңның да маңызы өте зор. 2023 жылы 33 іс жүргізу тоқтатылған, яғни статис-

тикалық мәліметтерге сүйенсек, 2024 жылы 72 татуласу келісімі, 12 медиациялық келісім бекітілген, 2 іс партисипативтік рәсім арқылы шешімін тапқан.

Сотта қаралатын азаматтық істер әке болуды анықтау және кәмілетке толмаған баланы күтіп-бағу үшін алимент өндіру, әке болуды даулау, алимент өндіру, ерлі-зайыптыларды асырауға алимент өндіру, алимент мөлшерін азайту, ата-ана құқығын шектеу немесе айыру, ата-ана құқығын қалпына келтіру, балалардың тұрғылықты жерін айқындау, балалармен кездесу тәртібін анықтау, бала асырап алу, бала асырап алудың күшін жою, неке бұзу, ортақ мүлікті бөлу, кәмілетке толмағанның қатысуымен келтірілген материалдық және моральдық зиянды өндіру және т.б. санаттарына бағытталған.

«Балаң жақсы болса – екі көздің шырағы, атың жақсы болса – бұл дүниенің пырағы, алған жарың жақсы болса – абыройыңның тұрағы» дегендей, сөзімді жақсы бала тәрбиелеп, қандай жағдай болмасын абыройды алға ұстаным еткен жөн деп аяқтағым келеді.

Жаңылхан ЖУСУПОВА, Маңғыстау облысы кәмілетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы

БАСТАМА

ЭЛЕКТРОНДЫ БІЛЕЗІК ҚЫЛМЫСҚА ТОСҚАУЫЛ ҚОЯДЫ

Сот жүйесін жетілдіру, оны сапалы жүзеге асыру – заң үстемдігін қамтамасыз етудегі басты басымдықтың бірі. Осы бағытта қолға алынған жаңышылықтың бірі – электрондық білезіктер.

Қазақстанда мемлекеттік-жеке әріптестік қағидасында электронды браслеттер өндірісі бір жолға қойылуда. Бұл жүйесін енгізу үшін біраз ақша қажет болады. Себебі білезіктерден бөлек компьютерлік техниканы да алуға тура келеді. Сосын әрбір қала мен ауданда арнайы кабинетті жасақтау қажет. Ол арқылы жазаланғандарды бақылап отыруға болады. Осы және басқа да шаралар кешені пробацяялық бақылауға алынғандар арасында қылмыстың қайталану деңгейін төмендетеді.

Дереккөздерге сүйенсек, полицейлер браслет арқылы онлайн бақылап отырса да, тәртіп бұзатындар жоқ емес. Мәселен, өткен жылдың 7 айында 90 заң бұзушылық анықталған. Нәтижесінде бұған жол берген азаматтардың ісі қайта қаралып, 6 адам қайтадан түрмеге қамалған. Полицейлердің айтуынша, бұл браслетті шешу мүмкін емес. Өйткені браслеттер сотталған азаматтың аяғына тағылады. Ол үнемі қосылып, онлайн режимде орталыққа ақпаратты беріп тұрады. Айталық азамат түнгі 10-нан кейін үйінен шығып кетсе, бірден дабыл береді. Сөйтіп тәртіп сақшылары браслет иесіне хабар-

ласып, үйіне қайтуын талап етеді. Егер бұл ескертулерді тыңдамаса, полицейлер оның ізіне түсіп, үйіне қайтаратыны заң нормасында көзделген.

Жалпы алғанда, елімізде 2,5 мыңнан астам электронды білезік пайдалануға енгізілген. «Электронды бақылау құралдарын енгізу» – қылмыстық атқару жүйесінің заманауи цифрлық жобаларының бірі болып табылады.

2025 жылдың өткен айында бұл бағыттағы жұмысты жандандыру мақсатында Ақтөбе облысы Полиция департаменті басшыларының, Ақтөбе облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Әлібек Ахметовтің, облыстық және тергеу соты судьяларының, Ақтөбе облысы прокурорының орынбасары Мейрбек Тілеулиевтің, Ақтөбе қаласының прокуроры Берік Қыдырәлінің, адвокаттар алқасының төрағасы Бауыржан Ермановтың, «Картел» ЖШС-ның өкілі және полиция департаменті қызметкерлерінің қатысуымен қамауда ұстауға байланысты емес бұлтартпау шарасы таңдалған адамдарға бақылау электрондық құралдарын қолдану тәжірибесі жөнінде кездесу өт-




Зульфия КАБДУЛИНА, Ақтөбе қаласы мамандандырылған тергеу соты әкімшісінің басшысы

кізіліп, талқыланды. Қатысушылар бұл тәжірибені құқық қорғау саласындағы заманауи және тиімді шешім екенін атап өтті.

Кездесуде Ақтөбе қаласының мамандандырылған тергеу сотының төрағасы Нұрәли Бейсембаев сот тарапынан 2024 жылы 138 күдіктіге қатысты ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасына санкция берілгенін атап өтті. Оның ішінде 36 күдіктіге электрондық қадағалау құралдары қолданылған. Ал 2023 жылы 56 тұлғаға қатысты электрондық қадағалау құралдарын қолдану шарасы қабылданған.

Полиция департаменті басшысының орынбасары Ғалым Байжанов өз сөзінде электрондық бақылау құралдарын енгізу бұлтартпау шараларын бұзу фактілерін азайтуға көмектесетінін, сондай-ақ белгіленген шектеулерді бұзған жағдайда жылдам әрекет етуге мүмкіндік беретінін айтты.

КӨКЕЙКЕСТІ



Ұстазды ұлықтау – ұлағатты іс. Баланы да, дананы да тәрбиелейтін – ұстаз.

Ұрпағымыздың болашағы мұғалімдердің берген біліміне, көрсеткен өнегесіне, нұсқаған бағыт-бағдарына байланысты. Өкінішке орай, кейінгі жылдары ұстаздарға деген құрмет кеміп, қоғамның көзқарасы түбегейлі өзгеріп кеткендей көрінеді. Мұғалімді қолбалаға айналдырып қызметінен тыс жұмыстарға

жегу әлі тыйылмай тұр. Семейде шырша безендіремін деп биіктен құлаған мұғалімнің оқиғасын естімеген жан жоқ шығар. Шын мәнінде бұл мұғалімнің міндеті емес еді. Ең болмаса, осындай қосымша жұмыстарда техникалық қауіпсіздік талаптары сақталса жақсы. Ал бір әулет бетіне қарап отырған семейлік әріптесіміз оқыс жағдайдан кейін мына қан құйылып, бас сүйегі зақымданды. Осы оқиғадан соң қала әкімінің орынбасары сөгіс алып, білім бөлімінің басшысы қызметінен кетті. Бірақ, одан мұғалімнің жағдайы оңалып, жалпы педагогтерге деген көзқарастың түзелмесі анық.

Баласының айтқанын тыңдап, сөзіне еріп, мұғалімді көпшілік алдында төмендету үшін мектепке арнайы келетін ата-аналар қаншама? «Сіз неге балама қатты сөйлейсіз! Неге дауыс көтересіз! Неге соңғы партаға отырғызасыз!» деген сияқты толып жатқан қарсылығын айтып, мұғалімнің жанына жара салатындарда тіпті есеп

ҰСТАЗЫҢДЫ ҰЛЫ ӘКЕҢДЕЙ ӘЗІЗ ТҮТ

жоқ. Ал ата-анасының мұғалім мен мектепке деген теріс көзқарасын көріп, біліп өскен баланың білімге ұмтылуы мүмкін бе? Ата-анасы тең көрмейтін мұғалімді баланың да бар зейінімен тыңдай қоюы екіталай. Бүгінгі ата-ана осы жағын ескермейді. Қазір мұғалімді өзінен төмен санайтын, білімін жоққа шығаратын, айтқанын құлағына ілмейтін ата-аналар жеткілікті. Білім саласында балаларымыздың жетістігі көп болсын десек, ата-ана мұғалімнің жұмысына құрметпен қарауы тиіс. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді... Өмірге ұрпақ әкелген аналарды қандай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да солай ардақтауға міндеттіміз.

Салтанат СЕЙДАХМЕТОВА, М. Ғабдуллин атындағы орта мектеп ҚАРАСАЙ АУДАНЫ АБАЙ АУЫЛЫ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

ПӘНДЕРДІ БІРІКТІРУ: ҚАЖЕТТІЛІК ПЕ, ҚАТЕЛІК ПЕ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Былтыр дәл осы мәселе дәстүрлі республикалық тағым кеңесінде де сөз болған. Президент кеңесшісі Тамара Дүйсенова мектепте оқылатын пәндер санының көп екендігін, кейбір пәндердің оқу бағдарламасынан алынуы мүмкін екенін айтқан еді.

«Соңғы жылдары біз пәндер санын көбейтіп жібердік. Жаңа пәндер қаржылық сауаттылық, бизнес жүргізу, дінтану, тағы да басқа бағыттарды қамтып отыр. Ал әлемдік деңгейде керісінше, пәндерді кіріктіріп оқыту, вариативті, оқушылардың мүмкіндігін дамытатын негізгі пәндерді оқыту бірінші кезекте қарастырылмапты. Қазір химия, биология, география сынды пәндер 578 сағат оқытылады. Ал Жапония, Оңтүстік Корея сынды дамыған елдерде бірнеше пән біріктіріліп, 324 сағат берілген. Алайда халықаралық PISA зерттеуі ол елдердегі оқушылардың білім деңгейі жоғары екенін көрсетті. Алдағы екі жылда оқытылатын пәндер тізімі сарапшылар қатысуымен анықталады. Яғни, 2026 жылы оқу бағдарламасында бірнеше пән болмауы мүмкін», – деді ол.

Тамара Дүйсенова мысал келтірген PISA бағдарламасы халықаралық білім сапасын қадағалайды. Аталған бағдарламаның соңғы зерттеуіне сәйкес, 81 елдің ішінде Қазақстан математикадан 46, оқудан 61, жаратылыстану пәнінен 49-шы орынға тұрақтапты. Ал үздік үштікте Сингапур, Жапония және

Оңтүстік Корея тұр. Олардағы сапа оқу пәндерінің аздығы және нақты ғылымға негізделуінен болып отыр. Мысалы, Сингапурда бастауыш сыныптан кейін міндетті 10 пән болса, Жапония мен Кореяда 12 пән оқытылады. Қазақстанда орта сыныптарда 15, 10-11-ші сыныптарда 16 міндетті пән бар екен.

Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының вице-президенті Руслан Қаратабанов 2026–2027 оқу жылында қолданысқа енетін жаңа оқу стандарты туралы айтқан болатын. Оның сөзінше, «Дүниежүзі тарихы» мен «Құқық негіздері» «Әлеуметтік ғылымдар» ретінде, «Алгебра» мен «Геометрия» «Математика» пәні ретінде біріктірілуі мүмкін. Сол секілді «Химия», «Биология», «Физика» «Жаратылыстану» пәніне бірікпек.

«Бүкіл пән орнында қалады. Сондықтан химия, физика, биология немесе математика пәндері жойылды деген сөз болмау керек. Бір жағынан кейбір пәндерді біріктіріп оқытқысы келетін мектептер бар. Жаңа стандарт ондай бастамаларға рұқсат береді. Яғни, әр мектептің ішкі шешіміне байланысты. Бір мектеп физика, биология, химия сияқты пәндерді дәстүрлі қалпында қалдырғысы келсе, жаңа стандарт оны да қарастырған», – дейді ол.

Білім саласының сарапшысы Аятжан Ахметжанұлы әр мектепке пәндерді қосып не қоспау таңдауы берілсе, салада жүйесіздік туатынын айтты.

«Ертең оқушы бір мектептен басқаға ауысса немесе ҰБТ тапсырғанда оқулықтар арасында, біріктірген, кіріктіргендер арасында шатасып жүрмек. Бұлай пәндерді біріктіруге де, кіріктіруге де болмайды. Пәнаралық байланыс деген ұғым бұрыннан бар, сол сақталу керек. Ал бұлар жеке-жеке ғылым, жеке-жеке пән. Менің түсінбейтінім, онсыз да сапасы сын көтермейтін пәндерді біріктіріп, қоймаймыз жасау кімге керек? Ертең ол біріккен пәнді кім береді? Химия ғылымдарының докторы, педагог-шебер болса да, биология мен физикадан сабақ бере алмаймын. Білімім жетпейді. Себебі, ол – өзінше ғылым. Ал сонда әмбебап ұстаздарды бұлар қайдан таппақ?! Құқық пен тарихтың да есі дұрыс адам екі түрлі ғылым екенін жақсы біледі. Оны бір-біріне қосу да күлкі шақырады. Бір-біріне ұқсайтын жерлері бар екен деп былықтыра беруге болмайды. Бұл құлдырауға алып келеді. PISA көрсеткішінде математикалық сауаттылық пен жаратылыстану ғылымдары сауаттылығынан қай деңгейде болғанымызды ешкім ұмыта қоймаған шығар», – деді ол әлеуметтік желідегі өз парақшасында.

Жалпы, оқушының алған білімін өмірде қажетіне жаратып, ел игілігіне жұмсауы – ұстаздың да, ата-ананың да қалауы. Бірақ сапалы оқыту ісінде кейбір мәселелер әлі де бар. Елордадағы Д. Қонаев атындағы №66 мектеп-гимназияның математика пәні мұғалімі Күшай

Тердікбайдың сөзінше, бүгінде оқушылардың математикаға қызығушылығы әртүрлі. Ал оның бір себебі – қазіргі бағдарлама барлық оқушының деңгейіне сәйкес емес.

«Өзге елдерде математика пәнін оқушыларға барынша қызықтырып, жеңілдету тұрғысынан бірқатар өзгеріс жасалып, жетістіктері де көрінуде. Алайда бұл Қазақстанда жолға қойылмаған. Сондықтан да кейбір оқушы пәнді мүлдем түсінбей жатады. Шын мәнінде, біздегі бағдарламаны барлық оқушы бірдей игере алмайды. Мысалы, шетелде математиканың сағаты бізден әлдеқайда аз. Азырақ дегеніміз – материалдағы мазмұн деңгейінің азайтылғаны. Яғни ғылыми күрделі деңгейдегі тақырыптарды алып тастап, баланың болашағына қажетті, ойын дамытатын негізгі тақырыптар беріледі. Біздің елде көп сағат ауыр мазмұнға байланысты берілген. Жалпы өзге мемлекеттерде де бір ғана математика пәні оқытылады. Ал оны бөлшектей беру оның теориясын көбейтеді», – дейді ол.

Оның сөзінше, алгебра теориясы, геометрия теориясы айтылады. Ал жалғыз математика – балаға керек нәрсесін беруге арналатын пән. Бұл олқылық мамандардың тапшы болуына да әсер етеді. Берілген мазмұнды толық түсінбеген оқушы «Математика» мамандығын таңдағаны өзінде оны игеріп шығуы қиындай түспек.

**Шернияз
ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ**



ЖҮРЕК АУРУЫНАН ЕШКІМ САҚТАНДЫРЫЛМАҒАН

(Соңы. Басы 1-бетте)

Егер адам жиі күйзелісте жүрсе, жүрек-қан тамырларына қосымша жүктеме түсіп, аурудың пайда болу қаупі еселенеді.

– Қазір ЖРВИ өршіп тұрған уақыт. Жалпы, вирустық аурулар жүрекке қалай әсер етеді?

– Көп жағдайда тұмаумен, ангинамен ауырғаннан кейін дәрігерге қаралып, емделмесе, вирусқа қарсы антибиотиктерді уақытында қабылдаса, жүректің жасушалары зақымдануы мүмкін. Вирусты инфекциялар жүректің бұлшықеті қабатын да зақымдап, миокардит ауруы туындайды.

Жүректің ішкі эндокарды зақымдалған кезде инфекциялық эндокардитке алып келеді. Герпес, эпштейн барр, цитомегаловирус инфекциялары кезінде кардиомиопатия ауруы пайда болуы мүмкін. Егер жүкті әйел вирусты аурулармен ауыратын болса, ішіндегі бала туа бітті жүрек ауруымен туылады. Сондықтан тұмау, ангина уақытында емдеуден ерінбеу керек.

– Елімізде жыл сайын 5 000 сәби жүрек ақауымен дүниеге келеді. Туа бітті жүрек ауруы баланың өсуі мен дамуына қалай әсер етеді?

– Иә, туа бітті жүрек ақауы баланың жалпы дамуына айтарлықтай әсер етеді. Бұрын мұндай ауруларды ерте анықтау мүмкін болмағандықтан, өмір сүру көрсеткіші төмен болатын. Қазіргі медицинада жатырдағы нәрестенің жүрек қызметін бақылау мүмкіндігі бар, бұл ерте диагноз қойып, қажетті шараларды қабылдауға көмектеседі. Мұндай диагнозбен туған балалардың өсу қарқыны баяулап, салмақ қосудың қиындауы, физикалық белсенділігінің төмендеуі және сөйлеу қабілетінің кеш дамуы жиі кездеседі.

Сонымен қатар, жүрек жеткіліксіздігі бар балалар тез шаршайды, тершең келеді, тыныс алуы жиілеп, кейде ерні мен мұрын айналасында көгеру байқалады. Баланы қорғау үшін анасы жүктілік кезінде денсаулығына ерекше мән беруі керек. Вирустық инфекциялар жүрекке зиян келтіруі мүмкін болғандықтан, алдын ала тексерулерден өтіп, жұқпалы аурулардан сақтанған жөн. Егер жоғарыда аталған белгілер байқалса, баланы кардиологқа апарып, жүрек ультрадыбыстық зерттеуінен (УДЗ) өткізу қажет.

– Жүрек ауруы адам жасына байланысты пайда болуы мүмкін бе?

– Қазір жүрек ауруы жас таңдамайды. Жаңа туған нәрестелердің де, жасөспірімдер мен ересектердің де арасында жүрек ауруына шалдыққандар бар. Сондықтан әр адам өзінің өмір сүру салтына жауапкершілікпен қарап, дұрыс тамақтануы керек. Себебі қазір ағзаңызға салғырт қарасаңыз, болашақта оның зияны балаларыңызға да берілуі мүмкін.

– «Қан қысымын түсіреміз» деп адамдар білместікпен көп жағдайда аспирин тағы сол сияқты препараттар қолданады. Бұл қаншалықты дұрыс?

– Ацетилсалицил қышқылы, яғни аспирин дәрісінің екі эффектісі болады. Бірінші, антиагрегант, яғни қанды сұйылтатын, қабынуға қарсы дәрі. Аспиринді кардиологияда көп жағдайда жедел коронарлы синдром кезінде, миокард инфарктісі туындаған кезде қанды сұйылтып, шұғыл медициналық көмек көрсететін кезде қолданылады.

Сондай-ақ жүректің ишемиялық ауруы, стенокардия, инсульттан кейінгі жағдайда ішілетін дәрі. Бірақ көп адам қан қысымы жоғарылаسا болды бірден аспиринді, тромболит, тромбас, кардиомагнил, аспирин кардио сияқты препараттарды ішеді. Бірақ бұлардың барлығы бір топтың дәрілері. Яғни, қанды сұйылтады. Бұл дәрілерді қан қысымы жоғары кезде ішуге болмайды. Кез келген адамның «қаным қою» деп өздігінен ішуіне де болмайды. Тек кардиолог дәрігердің нұсқауымен қабылдауы тиіс. Ұзақ уақыт аспиринді ішкеннен мұрыннан, тік ішектен, асқазан эрозиясы мен жарасынан қан кетуі мүмкін. Соның салдарынан көп адамдарда анемия ауруы туындайды.

**Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»**

ЖАҢА РЕФОРМАЛАР ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ЖОЛЫН КЕСЕДІ

Қазіргі таңда елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып отыр. Сыбайлас жемқорлықты болдырмау, оның алдын алу және онымен барынша күресу үшін кешенді шаралар жасалып жатыр. Атап айтқанда арнайы заң қабылданып, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбестік ахуалын қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарларын жою, жолын кесу, сыбайлас жемқорлық үшін жазалау шараларын күшейту жұмыстары жүргізілуде.



Елімізде сыбайлас жемқорлық деректері туралы хабарлаған адамдарға ынталандыру шарасы да қарастырылған. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық дерегі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға

өзгеше түрде жәрдем көрсеткен адам Қылмыстық-процестік кодексіне, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, «Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы» заңға сәйкес мемлекеттің қорғауында

болады және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган айқындаған тәртіппен көтермеленетіні көзделген. Мұның өзі сыбайлас жемқорлыққа қоғамның қарсылығын қалыптастыру мақсатында жасалып отырған шаралар.

Соңғы жылдары елімізде жасалып жатқан реформалардың өзі саладағы адам факторын азайтып, сыбайлас жемқорлық деректерін болдырмауға арналған. Сандық технологияны дамытудағы басты мақсаттардың бірі де жемқорлықтың алдын алу болып отыр. Өйткені жемқорлыққа жол берген елдің дамуы кешеуілдей беретіні дәлелденген. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, өз құқығын жан-жақты түсіндіру қажеттігі де сезіліп отыр. Халқымыз көп жағдайда өз құқығын білмегендіктен жемқорлыққа ұрынып немесе құқығы аяқасты болып жататыны жасырын емес. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білуі қажет. Жемқорлықпен бетпе-бет келген жағдайда да әрі қарай қалай әрекет жасайтынынан хабардар болғаны жөн. Сонда ғана қоғамның жемқорларға қарсы әрекеті күшейе бермек.

Осы орайда Өскемен қаласындағы №24 мекемесіне жемқорлыққа қарсы қызмет өкілдері шақыртумен келіп, жемқорлықтың алдын алу, сыбайлас жемқорлықпен бетпе-бет келген жағдайдағы әрекеттер жайлы жеке құраммен арнайы сабақтар өтіп тұрады. Мұндай сабақтардың мекеме қызметкерлері үшін маңызы зор!

**А. ҚАРЫБАЕВА,
ҚР ІІМ қарасты №24 мекемесі
жедел бөлімшесінің жедел қызмет
уәкілі, әділет майоры**

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

КИЕ

ҚОҒАМДЫҚ ЖҰМЫСТАН ЖАЛТАРҒАНДАРҒА ЖАУАПТЫЛЫҚ БАР

2025 жылдың 10 қаңтарында Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бұл өзгерістер 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енеді. Мұндағы негізгі жаңалықтың бірі – әкімшілік жаза түрлері қоғамдық жұмысқа тарту жаза-сымен толықты.

Сот әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жеке тұлғаның келісімі болған кезде қоғамдық жұмыстарды қолданады. Бұл тетік әкімшілік жауаптылыққа тартылған адамға жергілікті атқарушы орган ұйымдастыратын, белгілі бір біліктілікті талап етпейтін, қоғамға пайдалы ақысыз жұмыстарды орындатуы көздейді. Қоғамдық жұмыстар сағатпен есептеледі және он сағаттан жүз сағатқа дейінгі мерзімге белгіленеді. Оны орындау күніне бір сағаттан кем болмауға және төрт сағаттан аспауға тиіс.

Қоғамдық жұмыстар жұмыстан және оқудан бос уақытта орындалады. Тұрақты жұмыс орны жоқ және оқу орындарында оқымайтын адамдар қоғамдық жұмыстарды күніне кемінде бір сағат және сегіз сағаттан асырмай, бірақ аптасына қырық сағаттан орындайды. Бұл жұмыстың жалпы ұзақтығы төрт айдан аспауға тиіс.

Мұндай жауаптылық белгіленбейтін адамдар тобы бар. Мәселен, жүкті әйелдерге, үш жасқа дейінгі жас балалары бар әйелдерге, үш жасқа дейінгі жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелейтін ерлерге, он сегіз жасқа толмағандарға, бірінші немесе екінші топ мүгедектеріне; 58 жастағы және ол жастан асқан әйелдерге; 63 жастағы және ол жастан асқан ерлерге; Қазақстан аумағында тұрақты тұрмайтын шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ адамдарға қоғамдық жұмысқа тарту шарасы қолданылмайды. Қоғамдық жұмыстан жалтарғандарға кодекстің 49-2-ба-

бына сай жауаптылық белгіленген.

Қоғамдық жұмыстарға тарту туралы сот қаулысын орындау кодекстің 914-1-бабымен реттелген. Қоғамдық жұмысқа тарту туралы сот қаулысы заңды күшіне енгеннен кейін орындалуы керек. Сот қаулысы әкімшілік жауаптылыққа тартылған адамның тұрғылықты жеріндегі жергілікті атқарушы органға орындау үшін жіберіледі.

Жергілікті атқарушы органдар – әкімдіктер. Жергілікті жерде атқарушы билікті республиканың әкімшілік-аумақтық құрылымына сәйкес облыстың, ауданның, қаланың, ауылдың, селоның, поселкениң әкімдіктері жүзеге асырады.

Қоғамдық жұмыстардың түрлерін және қоғамдық жұмыстар орындалуға тиіс ұйымдардың тізбесін жергілікті атқарушы органдар айқындайды.

Ішкі істер органдары осы баптың төртінші бөлігінің б) тармақшасында көрсетілген хабарлама келіп түскен кезден бастап үш жұмыс күні ішінде хабарламаны қарайды және осы кодексте белгіленген тәртіппен шаралар қабылдайды.

Ұйым:

1) орындалған жұмыстардың актілерін жасайды, жұмыс істеген сағаттар табелін жүргізеді;

2) қоғамдық жұмыстардың орындалуы туралы есепті тоқсан сайын жергілікті атқарушы органдарға ұсынады.

Қоғамдық жұмыстар түрінде әкімшілік жаза қолданылған адам:

– қоғамдық жұмыстарды орындаудың осы кодексте белгіленген



С. ДƏРІҚҰЛОВА,
Шалқар аудандық соты
теріағасы

шарттары мен тәртібін сақтауға; – жергілікті атқарушы органдар ұйымдастыратын қоғамдық жұмыстарды орындауға;

– тұрғылықты жерінің өзгергені туралы жергілікті атқарушы органдарды хабардар етуге міндетті.

Қоғамдық жұмыстардың ұзақтығына адамның қоғамдық жұмыстар орнына бару мен кері қайту уақыты кірмейді.

Әкімшілік жаза әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлғаға дене азабын келтіруді немесе адами қадір-қасиетін қорлауды, сондай-ақ заңды тұлғаның іскерлік беделіне зиян келтіруді мақсат тұтпайды.

Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі әкімшілік жаза құқық бұзушылықты жасаған тұлғаны заңнама талаптарын сақтау және құқық тәртібін құрметтеу рухында тәрбиелеу, сондай-ақ құқық бұзушының өзінің де, басқа тұлғалардың да жаңа құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында қолданылады.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

Ұлттың тілі – сол елдің мұраты әрі алтын тұтқасы. Халық тілімен бойындағы бар асылды ұрпағына дарытады. Алайда, тіл мәселесі көптеген жылдардан бері өзекті мәселеге айналып келе жатқаны да рас. Ол жайында халық қалаулылары тынбай айтуда, басылым беттері де жаппай сол тақырыпты көтеруде.

ҰЛТ ТҮТҚАСЫ

Ел заңдары да мелекеттік тіл мәселесіне баса назар аударып, оның бүкіл құқықтары арнайы заңдармен ерекшеленген. Яғни, Қазақстан Республикасында тілдердің қолданылуының құқықтық негіздерін, оны дамытудың міндеттері белгіленді.

Мемлекеттік тіл – тәуелсіз елдің негізгі рәміздерінің бірі. Кез келген өркениетті елдің өзінің Туы, Елтаңбасы, Әнұраны, шекарасы болатыны секілді, мемлекеттік тілі де болады. Тіл – халық қазынасы, ұлттың жаны. Тілдің мәселесі – ұлттың мәселесі. Ендеше, тілдің беделін көтеру, оның жоғын жоқтау сіз бен біздің міндетіміз.

Қанымызға сіңісті, жанымызға жұғысты, ой-санамызға нұрлы шуақ сыйлап, сілкіндіріп серпілетін, марқайтып қанаттандыратын өзіміздің мемлекеттік тіліміз. Тіл қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Ол достықтың кілті, ынтымақтас-тықтың бастауы. Мемлекеттік тілдің абыройын асқақтату – әрбір қазақстандықтың абзал борышы. Біздің барша ұлттық келбетіміз бен болмысымызды, салт-санамыз бен



Т. ТІЛЕП,
Қызылорда қаласының
мамандандырылған тергеу
сотының судьясы

дініміз осы ұлттық мәдениет пен тілімізде жатыр. Тәуелсіз елдің елдігі жас ұрпағын парасатты да білімді, іскер де қабілетті, отансүйгіш те ұлтжанды тұлға етіп қалыптастыруда мемлекеттік тілдің атқаратын қызметі орасан зор.

АСЫЛ МҰРА

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ КӨРСЕТКІШІ

ҚР Конституциясында қазақ тілі мемлекеттік тіл болып та-нылған және бұл тілдің қолданыс аясы күннен-күнге кеңейіп келеді. Сот ісін жүргізуде мемлекеттік тілдің қолданылуы тек қана заңдық талап емес, сонымен қатар ұлттың мәдениеті мен дәстүрін сақтау, қоғамның рухани бірлігін нығайту мақсатында да маңызды рөл атқарады.

Сот ісін жүргізудегі мемлекеттік тілдің қолданылуы – тек тілдік мәселе емес, ол қоғамдағы әділеттілік, теңдік және құқықтық мәдениеттің көрсеткіші. Қазіргі таңда бұл мәселе көп назар аударуды қажет етеді. Мұғалжар аудандық соты өз қызметінде мемлекеттік тілдің қолданылуын арттыру және оның мәртебесін көтеру мақсатында бірқатар шаралар өткізуде. Осы бағытта жүргізілген жұмыстар азаматтардың құқықтарын қорғау және сот жүйесінің қызметін жақсартуға бағытталған.

Сот процесінде мемлекеттік тілдің қолданылуын арттыру үшін, Мұғалжар аудандық сотында барлық сот қызметкерлеріне қазақ тілін меңгеру деңгейін арттыру бойынша семинар мен дөңгелек үстелдер

ұйымдастырылуда. Бұл шаралар судьялар мен сот қызметкерлерінің қазақ тілінде құжаттар жүргізу, шешімдер шығару және сот процесін қазақ тілінде жүргізу мүмкіндіктерін арттырады. Сот мамандарының тілдік дайындықтарын жетілдіру арқылы сот жүйесінің ашықтығын қамтамасыз ету және азаматтарға өз тілінде толық ақпарат беру мақсатында жұмыстар жүргізілуде.

Сот жүйесінің барлық деңгейінде мемлекеттік тілдің қолданысын арттыру және оны тиімді пайдалану арқылы Мұғалжар аудандық соты азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерін қорғауда өз үлесін қосып келеді.

А.ЖАКСЫБАЕВА,
Мұғалжар аудандық сотының
жетекші маманы

САНДЫҚ ЖҮЙЕ

АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ САҚТАУ МАҢЫЗДЫ

Сот жүйесі мемлекет пен қоғамның құқықтық негіздерін қалыптастыратын маңызды құрылымдардың бірі. Сондықтан сот жүйесінің жұмысындағы ақпараттардың қауіпсіздігі мен құпиялылығы өте маңызды. Қазіргі заманда ақпараттық технологиялар мен интернет кеңінен қолданылып, көптеген қызметтер электронды түрде жүргізіліп жатқанда сот жүйесінде ақпараттық қауіпсіздікке ерекше назар аудару қажет.

Сот жүйесіндегі ақпараттық қауіпсіздік – бұл сот ісін жүргізу, құжаттар мен мәліметтерді қорғау, сондай-ақ электронды сот жүйелері арқылы жүргізілетін барлық деректер мен ақпараттарды заңсыз қолжетімділіктен, бұздан, өзгерту мен жоюдан қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған шаралар мен әдістердің жиынтығы.

Құқықтық салада сот жүйесі ақпараттарды басқаруда маңызды орын алады. Әсіресе, электронды сот жүйелерінің дамуы мен қолданысы ақпараттық қауіпсіздікке деген талаптарды арттырады. Сот процесстері, материалдар, шешімдер, мәліметтер мен азаматтардың жеке ақпаратының қауіпсіздігі бұл саладағы басты мәселелердің бірі.

Сот жүйесінде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету – мемлекеттік жүйенің тиімді жұмыс істеуі үшін қажет. Тек ақпаратты дұрыс қорғау арқылы ғана сот жүйесіне деген сенімділікті арттыруға және азаматтардың құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуге болады. Сондықтан ақпараттық қауіпсіздікке арналған шаралар мен стратегиялар үнемі жаңартылып, күшейтіліп отыруы тиіс.

У.РАХМАТУЛЛАЕВ,
Маңғыстау облыстық сотының ақпараттық
қауіпсіздік жөніндегі бас маманы

ХАЛЫҚ ПЕН НАРЫҚ

АҚША БАЗАСЫ НЕГЕ АЗАЙДЫ?

Қаржы институтының дерегінше, ақша базасы бірнеше пункттен қалыптасады. Оған айналымдағы қолма-қол ақша, барлық есептік және қазіргі есепшоттар, коммерциялық банктер мен басқа да қаржы ұйымдарының депозиттері мен теңгедегі шоттар кіреді. Сарапшылар елдегі ақша массасының өзгергенін дұрыс көріп отыр.



Биыл қаңтарда ақша массасы 44,7 трлн теңге болса, бір айдан соң бұл көрсеткіш 975,9 млрд теңгеге немесе 2,1%-ға азайған. Сарапшылардың айтуынша, елде ақша массасы Ұлттық банк пен екінші деңгейлі банктердің баланстық шоттарын шоғырландыру негізінде анықталады. Қаржыгер Расул Рысмамбеттің айтуынша, ішкі нарық пен айналымдағы ақша массасы арасындағы үйлесімнің бұзылуы инфляцияны күшейтіп жібереді. 2020 жылғы пандемия дағдарысы кезіндегі әлеуметтік төлемдер әлемдік нарықтардағы үйлесімділікті бұзды. «Қазір ішкі нарықтағы қаржының кемі 14 пайызы сұраныстан артық. Егер жағдай қалыпты болса, алдағы үш-төрт жылда сұраныс пен ұсыныс теңеседі деген үміт бар», – дейді ол.

2024 жылғы желтоқсанның қорытындысы бойынша Қазақстанда ақша базасы 16,4%-ға, 14,6 трлн теңгеге дейін ұлғайған. Көрсеткіш ақша массасына қарағанда екі есе жылдам –7,2%, 45,66 трлн теңгеге дейін өсті. Сол кезде сарапшылар бұл жағдай теңге бағамына қысым көрсететінін, ақша-кредит саясатын қатаңдатуға алып келуі мүмкін екенін айтқан болатын. Қаржыгер Илияс Исаевтың айтуынша, қысқамерзімді перспективада ақша базасының ұлғаюы инфляциялық күтудің артуына және теңгенің валюталық бағамына қысымның күшеюіне жол ашады.

«Ұзақмерзімді болашақта ақша агрегаттарының өсуі экономиканың қызуын күшейтуге және ақша-кредит саясатының қатаюына алып келуі мүмкін. Себебі ЖІӨ-мен бірге инфляция да өсіп жатыр. Алдымен ЖІӨ, одан кейін инфляция өсіп жатыр. Біздің елде ақша массасының өсу жылдамдығы өнім шығарудың өсу қарқынынан 10 есеге озып кетті. Биыл Ұлттық банктің кәсіби біліктілігіне үлкен сын болғалы тұр. Үкімет бюджеттік мекеме қызметкерлерінің айлығы инфляция деңгейімен теңестірілетінін айтып жатыр. Бұл ішкі нарықтағы ақша айналымының теңгеріміне әсер етеді. Егер ақша массасын экономикалық ресурстар теңестір-

месе, инфляция көтеріледі. Мысалы, елдегі нарықтағы ақша массасы 1 000 теңге болса, ал өндірілетін тауарлар көлемі 1 000 дана болса, онда тауардың орташа бағасы 100 теңге болады. Егер тауар өндірісі бұрынғы деңгейде қалып, Орталық банк айналымға қосымша 200 теңге шығарса, онда әр тауардың әділ бағасы 100 емес, 120 болады. Нәтижесінде, әрбір теңгенің сатып алу қабілеті қосымша ақша шығарумен бірге азаяды. Ақша және тауар массасы арасындағы теле-теңдікті сақтау үшін ақша массасының ұлғаюы өндірістің өсуінен кейін жүруі тиіс», – дейді Илияс Исаев.

Қытай немесе Түркияда басы артық қаражат кері қайтарылмайды, керісінше бизнеске бағытталатын көрінеді. Егер ақша массасы бизнесті дамытуға бағытталса, онда бизнес қосымша өнім шығарады, бұл нарықтағы тауар ұсынысын арттырады. Мұның соңы экономикалық ресурстар әсер етеді, бизнесте тауарды көп мөлшерде ұсынып, баға төмендейді. Ал біздің жағдайда Ұлттық банкте ондай мүмкіндік жоқ. Себебі ішкі нарық сенімді емес, бизнестің тәуекелі жоғары. Дәл қазір басы артық қаржыны бизнесте емес, Ұлттық банктің «асқазанында» сақтау әлдеқайда сенімді.

«Себебі экономикаға құйылатын ақша тиімсіз пайдаланылса ақша массасы өседі, ал тауар саны өспейді. Онда тауар массасының үстінен ақша «егіздері» пайда болып, баға көтеріле бастайды. Мұндай жағдайда ҰБ-ға инфляцияның қосарланған әсерімен күресуге тура келеді», – дейді сарапшы.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»



ТҮЙТКІЛ

ЗАҢСЫЗ ШЫҒАРЫЛҒАН АКТИВТЕРДІ МЕМЛЕКЕТКЕ ҚАЙТАРТУ МІНДЕТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Оның есесіне Жезқазған облысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тобының бөлім басшылығы Б.Дарибековтың қылмысқа қатысы жоқ екендігі жөнінде жалған мәліметтер кіргізіп, «Сарыарқа полиметалл» ӨБ-іне хат жіберіп, осы ВА3-21093 автомашинасын балансқа алып, ҰҚПСЖҚББ тобына қызметтік пайдалануға беруге келісімін алады. Сонымен, 1994 жылғы 21 мамырдағы Жезқазған облысы бойынша бөлім басшылығының №94-22-129 жазбаша рұқсатымен ҰҚПСЖҚББ қызметкерлері осы ВА3-21093 маркалы машинасын қызмет бабында 1994–1995 жылдары пайдаланып, кейін «Сарыарқа полиметаллға» қайтарып береді. Ол жөнінде №93304 қылмыстық істе құжаттар бар, олар №7111-22-00-2\6169, №7142-23-00-2\14261 азаматтық істерінде қоса тіркеліп қосылып тұр.

Алайда, ҰҚПСЖҚББ-ның Жезқазған облысы бойынша бөлім басшылығы 1995 жылдың көктемінде менің қатысуымсыз осы ВА3-21093 қызмет көлігін «жеке мақсатына пайдаланды» деген жалған қызметтік тексеру актісін жасап, Қаражал қаласының прокуратурасына шара қолдану үшін береді. 15 мамырда Қаражал қаласының прокуратурасы маған қатысты Қазақ ССР Қылмыстық кодексінің 143-бабы (билікті немесе қызметтік жағдайды асыра пайдалану), 148-бабы (қызметтік жалғандық), 76-5-бабы (аса ірі көлемде мемлекеттік немесе қоғамдық мүлікті тонау) бойынша №93304 қылмыстық іс қозғайды. Ал облыс бойынша ҰҚПСЖҚББ-ның қызметкеріне қарсы қылмыстық іс қозғау тек Жезқазған облыстық прокуратурасының құзырында болатын. Сондықтан Қаражал қалалық прокуратурасының қызметтік тексеру актісінде көрсетілген қызметтік автотөкілікті жеке мақсатқа пайдалану фактісін бұрмалап, аса ірі көлемде мемлекеттік немесе қоғамдық мүлікті тонау бабы бойынша қылмыстық іс қозғау – тергеу құзыретін бұзу, қызмет бабын асыра пайдалану, қызметтік жалғандық бойынша заң бұзушылық болып табылады. Сонымен қатар бұл №93304 қылмыстық істің қозғалуының заңсыздығы меншік иесі «Сарыарқа полиметаллдың» машина өзімізде деп талап-арыз бермегендігімен де дәлелденіп тұр.

Ал, мен бұл кезде кезекті еңбек демалысын алып, ауысуға рұқсат алып ҰҚПСЖҚББ-ның Қарағанды облысы басқармасында болатынмын. Бұның алдында ҰҚПСЖҚББ бастығы А.Мұсаевқа «Сарыарқа полиметалл» ӨБ-де «Алау» ЖШҚ арқылы шетелге жіберілген көп мөлшердегі марганец концентраты, цинктер туралы, құпия дәрежедегі құжаттарды жолдаған болатынмын. Бірақ осы аралықта маған №93304

қылмыстық іс қозғалып, «үйінде тұрып жатқан жоқ» деген сылтаумен қамауға санкция беріліп, соның кесірінен жұмысқа шығармай, менің қатысуымсыз жалған аттестация жасау арқылы 1995 жылғы 13 шілдеде №308 Ішкі істер министрі орынбасарының бұйрығымен заңсыз қызметімнен босатып, жұмыстан шығарды. Бұл құжаттардың заңсыз, жалған екендігі мынадай құжаттармен дәлелденіп, өз қолдауын табады.


- Санкция берілген жағдайда адам қамауға алынса да, алынбаса да, еңбек тәртібін бұзбаса да жұмысқа шыға алмайды.

- 1995 жылғы 14 ақпанда қызметімді жоғарылатқан, ал заң бұзған адамды қалай өсіреді?

- 1995 жылғы 15 мамырда Қарағанды облысы бойынша ҰҚПСЖҚББ-ға қызмет ауыстыруға рұқсат берілуі, менің тарапымнан қызмет бабында осы аттестация жасалған уақытта ешқандай кемшілік болмағандығын бекітеді. Сонымен қатар, бұл бұйрықтың заңсыздығы менің Үкіметтік награда иегері, ҰҚПСЖҚББ-ның І класты маманы ретінде жалақыма 7% үстеме қосылып отырған жоғары деңгейдегі кәсіби маман екендігімен, аттестацияда көрсетілген кезеңде қызметтік көрсеткішімнің жоғары болуымен де айқындалады. Бұл Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының қызмет өткеруі туралы ереженің сақталмай, маған қатысты өрескел заңның бұзылғанын дәлелдеп тұр. Мен Қарағанды қаласында еңбек демалысында жүріп ешқандай қылмыс жасамағандығымды, қылмыстық іс қозғаудың және қамауға алу туралы қаулының шығарылуы заңсыз екенін дәлелдеп, өз тұжырымдарымды тиісті инстанцияларға жібердім. Нәтижесінде жазған тұжырымдарым расталып, мені қамауға алу санкциясы Жезқазған облыстық прокуратурасының 1996 жылғы 27 наурыздағы қаулысымен бұзылды. Кейін 1997 жылғы шілде айында №93304 қылмыстық іс менің іс-әрекеттерімде қылмыс болмауына байланысты қысқартылып, күшіне енді.

Осыдан кейін бірден ІІМ-ге өзіме қарсы қозғалған қылмыстық істің қысқартылуына байланысты мені қайтадан қызметке тағайындау туралы өтініш жаздым. Нәтижесінде, 1993 жылғы 21 қаңтардағы «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамының пенсиясын қамтамасыз ету туралы» заңына сәйкес, маған зейнетақы тағайындалып, Ішкі істер министрлігімен үзілген азаматтық құқықтық қатынастар жалғасын тапты. Яғни, пенсияны ай сайын ІІМ есептеп береді әрі ешқандай мәселені шешуге мерзімдік шектеу қойылмайтын болды.

Бірақ ҚР ІІМ өз жауабында жұмыстан шығарудың түпкілікті негіз-



демесі мен себептері туралы мені хабардар етпеді және сәйкесінше жұмыстан шығару туралы бұйрыққа сот тәртібімен шағым жасау құқығымды түсіндірмеді. Қылмыстық іспен мені осы уақытқа дейін әлі таныстырмады.

Қылмыстық істі іздестіруден еш нәтиже шықпағандықтан кейін өз өтінішіме алған сот органдарының түсіндірмесіне сәйкес, Астана қаласының Алматы аудандық сотына құжаттардың бәрі орыс тілінде болғандықтан, жұмыстан заңсыз шығарылғандығым жөнінде орыс тілінде талап-арыз түсірдім. Сот талап арыз бойынша 2022 жылғы 1 желтоқсанда №7111-22-00-2\6169 азаматтық істі орыс тілінде қозғады. Мен Ішкі істер министрлігінің бірінші рет мені жұмыстан шығарудың негіздемесін көрсетіп берген 2023 жылғы хабарламасын сот барысында сотқа өткіздім. Сот жұмыстан шығарылған күннен бері 26 жыл уақыт өтті деп талап арызды қанағаттандырусыз қалдыру жөнінде шешім шығарды. Апелляциялық саты бұл сот шешімін өзгеріссіз, сол қалпында қалдырады. Ал негізінде 2021 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енген Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің (ӘРПК) 4-бабы 1-тармағының 4-тармақшасына сәйкес, бұл істі Астана қаласының әкімшілік соты арнайы қарауы керек еді. Себебі, істі қараудағы соттылық бұзылған, бұл заң бұзушылық болып табылады. Осы жағдайларды келтіріп Жоғарғы Соттың кассациялық сот алқасына шағым жаздым. Алайда, 2023 жылы 7 тамызда Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының судьясы төмендегі сатыдағы соттардың Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдары-

ның қызмет өткеруі туралы ережеге сүйенбей, 26 жылдан кейінгі қолданыстағы Еңбек кодексінің 160-бабында көрсетілген талап қою мерзімін қолданғандығын дұрыс деп, талап қоюшы менің өтініш хатымды кассациялық сатыдағы сот отырысында қарау үшін беруден бас тартылсын

Мен Қарағанды қаласында еңбек демалысында жүріп ешқандай қылмыс жасамағандығымды, қылмыстық іс қозғаудың және қамауға алу туралы қаулының шығарылуы заңсыз екенін дәлелдеп, өз тұжырымдарымды тиісті инстанцияларға жібердім. Нәтижесінде жазған тұжырымдарым расталып, мені қамауға алу санкциясы Жезқазған облыстық прокуратурасының 1996 жылғы 27 наурыздағы қаулысымен бұзылды. Кейін 1997 жылғы шілде айында №93304 қылмыстық іс менің іс-әрекеттерімде қылмыс болмауына байланысты қысқартылып, күшіне енді.

деген қаулы шығарды. Соттардың соттылық тәртібін бұзғандығы, не бұзбағандығы жөнінде қаулыда ештеңе көрсетілмеген.

Одан кейін мен қазақ тілінде талап қоюмен сотқа жүгініп, онда өзіме қатысты №93304 қылмыстық іс бойынша бұлтартпау шарасын қолдану қаулысын шығару салдарынан бостандықта жүргенде өз құқығымды қорғау мүмкіндігінен айырылғандықтан, жұмыстан заңсыз шығарылғандығымды, қоғамда беделімнің түскенін, жазықсыз қудалану салдарынан моральдық зиян келтірілгенін көрсетіп зиянды өндіруді сұрадым.

Астана қаласы азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сот 2023 жылғы 26 желтоқсанда №7142-23-00-2\14261 іс бойынша шығарған шешімінде «маған зиянды өтеу туралы талаптар қою тәртібі түсіндірілген хабарлама жіберілмеген» деп көрсетіп, талап қоюшының талап қоюы қанағаттандырудан бас тартылсын деген шешім шығарды. Ал Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы өзінің 2024 жылғы 2 сәуірдегі №2а\979 қаулысымен бірінші сатыдағы сот шешімінде жоқ басқа негізге сүйеніп, яғни, «қарау мерзімі өтіп кеткен» деп соттың талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыру шешімі дұрыс қабылданған деген шешім шығарды. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2024 жылғы 11 қарашадағы №6001-24-00-3г\5625 қаулысымен «Астана қаласы азаматтық

істер жөніндегі ауданаралық сотының 2023 жылғы 26 желтоқсандағы №7142-23-00-2\14261 іс бойынша шығарған шешімінде хабарлама жіберілмеген деп дұрыс жазылған» деп әртүрлі негізге сүйеніп шығарылған бұл сот шешімін кассациялық сатыдағы сот отырысында қарау үшін талап қоюшының өтініш хатын беруден бас тартылсын деген шешім шығарды. Қаулыда бұл соттардың әртүрлі негізге сүйеніп шешім шығарғандары жөнінде ештеңе айтылмайды.

Енді Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты төрағасының жеке араласуымен ісім Жоғарғы Соттың кассациялық сот алқасында қаралып, әділ шешім шығар деп сенгім келеді. Бұл екі азаматтық іс Жоғарғы Соттың кассациялық сот алқасында бірге қаралса сот барысында №93304 қылмыстық іс бойынша менің іс-әрекеттерімде қылмыс құрамы жоқ болуымен қатар, жалпы қылмыс оқиғалары жоқ деп толықтырылып шешім шығарылып, нәтижесінде әділ шешім шығарылар еді. Бұндай жағдайда, яғни №93304 істе қылмыс оқиғасы жоқ болса, осы көрсетілген қылмыс оқиғалары есепте (отчетта) №1013 қылмыстық

іске кіргізіліп, №1013 қылмыстық іс қайтадан қозғалып тергеліп, талап-тарапқа түскен 430 тонна цинк, 40 «Жигули ВА3-21093» көлігі мемлекетке қайтарылады. Сонымен қатар, «Алау» ЖШҚ арқылы шетелге кетіп тоналған пайдалы қазбалар, марганецті концентрат, цинктің негізгі бөлігі анықталып, бұл активтердің көп мөлшердегі сомасы мемлекетке қайтарылар еді.

Бас прокуратура Президент тапсырмасына сәйкес заңсыз тоналған активтерді мемлекетке қайтару шараларын жүргізіп, осы заңсыз қозғалған №93304 қылмыстық істі ұйымдастырғандардың үстінен қылмыстық іс қозғатып, соған байланысты №1013 қылмыстық істі жаңғыртса жоғарыдағы активтерді қайтаруға болады. Сонымен қатар, қазіргі таңда Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бас-тамасымен елдегі әділеттілік пен сот жүйесіне сенімділікті арттыру үшін «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңға толықтырулар енгізіліп, жаңа кассациялық сот құрылды. Ол өз жұмысын 2025 жылдың 1 шілдесінен бастайды. Бұл кассациялық сотқа да әділ шешімдер шығарады, сот жүйесіне халықтың сенімін арттырады, елде әділеттің салтанат құруына ықпал етеді деп сенеміз.

Қами ШАЛҚАРБЕКОВ,
отставкадағы подполковник
Қазақстан Республикасы
ІІМ ардагері



ИГІ ІС

КӘСІПОДАҚ ЖҰМЫСЫ ЖОҒАРЫ БАҒАЛАНДЫ

Таяуда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қызметкерлері «Парасат» кәсіподағының жыл сайынғы есеп беру конференциясы болып өтті. Кәсіподақ төрағасы Т.Мекебаев ұйым – белсенді, саналы және сауатты қызметкерлердің бірлестігі екендігін атап өтті. Кәсіподақ есебінде 4185 адам тұр, оның ішінде 183 ардагер бар. Олар 35 құрылымдық бөлімшеге біріккен.

«Парасат» дербес кәсіподағы жұмыскерлердің әлеуметтік-еңбек, құқықтық-экономикалық қорғалуын, демалысын, көңіл-күйін көтеруге бағытталған жұмыстарды жүргізді. ҚазҰУ ректоры Ж.Түймебаев университеттің қаржылық қызметінің басты мақсаты – білім алушылар мен оқытушылар үшін барынша қолайлы жағдай жасау екендігін үнемі атап өтеді. Осы мақсаттарға қол жеткізуде кәсіподақтың рөлі айтарлықтай өсе түседі.

Кәсіподақ оқу үшін төлем кезінде жеңілдік шегерімдерін рәсімдейді. 2024–2025 оқу жылы

біздің қызметкерлердің балалары 25 пайыздық жеңілдік алды. 2024 жылғы су тасқыны кезінде де кәсіподақ белсенді жұмыс істеді. Зардап шеккендер үшін керек-жарақтар, көрпе-жастық, орамал, гигиена құралдары, ауыз су алынды. Сондай-ақ су тасқынынан зардап шеккендерге гуманитарлық жәрдемді тасымалдау үшін ақшалай қаражат бөлі.

Наурызды мерекелеу кезінде Шаңырақ күні атап өтілді. Шараның мақсаты ұлттық отбасылық құндылықтарды насихаттау еді. Кәсіподақ белсенділері кездесуге әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ері мен зайыбы бірге жұмыс істейтін отбасыларды шақырды.

Әлеуметтік даму жөніндегі проректор Сәбит Құрманжанұлының айтуынша, кәсіподақтың тұрақты даму мақсатын (ТДМ) іске асырудағы рөлі зор. Кәсіподақ жыл сайын «Денсаулық» спартакиадасын өткізеді, санаторияларға, балалар үшін жазғы лагерьлерге жолдамалар ұсынады, демалыс күндері өтетін жарыстарға қаражат бөледі. Жазғы мектеп сабақтары өткізілген ҚазҰУ-да Студенттік сауықтыру лагері жұмыс істейді.

Профессор Берекет Кәрібаев кәсіподақ мүшелері үшін бірінші сынып оқушыларына қоржын тапсырудың қаншалықты маңызды екендігін айтса, заңгер Дәулет Рысқалиев кәсіподақтың құқықтық жұмысы жайлы сөз етті. ҚазҰУ құқықтық сауаттылықты арттыруға бағытталған әлеуметтік және білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен іске асыруға белсенді қатысады, сонымен қатар құқық қорғау органдарымен және қоғамдық ұйымдармен тығыз ынтымақтастық жасайды, қауіпсіз және құқықтық ортаны жасауға ұмтылады. 2025 жылы жаңа ұжымдық шартқа қол қойылады. Белгілі болғанындай, ұшжақты құжат әрбір үш жылға жасалады және республикада Еңбек заңнамасын мүлтіксіз сақтау, атқарушы биліктің, жұмыс берушілер мен жұмыскерлердің әлеуметтік жауапкершілігі, олардың мүдделерін қорғауда келісімге келу үшін өзара сыйластық және барынша ықтимал қол жеткізу қағидадары мазмұндалады.

ҚазҰУ Спорт клубы директорының орынбасары Раушан Зәуірбекова спорт клубына жәрдемдескені үшін кәсіподаққа алғыс біл-

дірді. Расында, студенттік ойындарға және республикалық универсиадаға қатысу үшін студенттерге спорт киімдерін алуға, спорт жарыстарының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін ынтыландыруға кәсіподақ тұрақты қаражат бөледі.

Делегаттар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қызметкерлерінің «Парасат» кәсіподағының жұмысын жоғары бағалады. Конференция делегаттары, сондай-ақ тексеру комиссиясының есебін, 2025 жылға арналған жұмыс жоспары мен шығындар сметасын бекітті. Кәсіподақ белсенділері медальдармен және алғыс хаттармен марапатталды.

С.ТЫНЫБЕКОВ,
әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ азаматтық құқық және
азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы
кафедрасының профессоры
О.ЛОЖНИКОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
кәсіподағы төрағасының
орынбасары

БАҒДАР

«АМАНАТ» БАРЛЫҚ ИГІ ІСТІҢ АЛҒЫ ШЕБІНДЕ ЖҮРУІ ТИІС

2025 жыл – Қазақстандағы бастауыш партия ұйымдарының жылы. Осыған орай Түркістанда семинар-тренинг өтті. ҚР Парламент Мәжілісінің және «АМАНАТ» партиясының төрағасы Ерлан Қошанов 2025 жылды – Бастауыш партия ұйымдарының жылы деп белгілеп, партиямыз барлық игі істердің алғы шебінде жүруі тиіс деген талап қойды. Осыған орай «АМАНАТ» партиясының Түркістан облыстық филиалы өңіріміздегі 242 бастауыш партия ұйымдарының кәсіби дайындығын шыңдауда, оларды партия айқындаған құндылықтар аясына біріктіруде оқу семинарларын өткізу үрдісін енгізуді қолға алды. Жиында аймақтарда партиялық жұмысты атқарудың басымдықтары, жобалардың бағыт-бағдары түсіндірілді.



Осы мақсаттағы алғашқы семинар Сайрам ауданының Қарамұрт ауылында өтті. Оған Бәйдібек, Ордабасы, Сайрам, Төле би, Түлкібас ауданындағы бастауыш ұйымдардың жетекшілері қатысты. Іс-шара Түркістан қаласында жалғасын тауып, оған Түркістан, Кентау, Арыс қалалары мен Созақ, Сауран, Отырар аудандарындағы 85 бастауыш партия ұйымдарының төрағалары қатысты. Семинарға қатысушылар үшін Түркістан қаласында партияның ықпал етуімен салынған нысандардың таныстырылымдары жүргізіліп, облыс орталығында қызмет ететін үлгілі бастауыш ұйымдардың жұмысы туралы ақпараттар берілді.

Семинарға қатысушылар үшін Түркістан қаласын аралайтын автобус дайындалып, аймақтардан келген аманаттық өкілдер жаңарған Түркістанның келбетімен жақыннан танысты. Осы сапарда «АМАНАТ» партиясының бастауыш ұйымдарының жетекшілері партияның сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасында Түркістан қаласы бойынша партиялық бақылауда болған маңызды нысан – №32 мектептің тыныс-тіршілігімен танысып, аралап көрді. Мемлекет басшысының «Жайлы мектеп» Ұлттық жобасы шеңберінде салынған мектепте 4 спорт залы жасанды интеллект сыныптары жабдықталған. Балалардың жеке шығармашылық қабілеттерін шыңдауда би залы, музыка сыныптары жасақталған. Акт залы, асхана бөлмелері де үздік технологиялық шешімдермен көркемделген. Бұл жұмыстардың барлығы партия өкілдерінің жіті қадағалауында болып, атқарылған.

Тарихи және рухани-мәдени айрықша мәртебесі бар Түркістан қаласында ел игілігіне пайдалануға

кістан» бастауыш ұйымының жұмысымен танысып, жұмыс тәжірибесін зерделеді, Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне барып, балалар рухына тағзым етті. Партияның сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасында айқындалған Бекзат Саттарханов атындағы спорт кешенін салу партияның ерекше бақылауына алынған нысан болатын. Пайдалануға берілген объектіде партияның естелік белгісі қойылып, оның ашылу салтанатына бастауыш партия ұйымдарының төрағалары қатысты.

Семинар жұмысы «Ұлы Дала елі» орталығында жалғасын тапты. Семинардың мән-маңызына тоқталған «АМАНАТ» партиясы Түркістан облыстық филиалының төрағасы, Түркістан облыстық мәслихатындағы партиялық фракцияның жетекшісі Алтынсары Үмбетәлиев бастауыш партия ұйымдары партия мүшелерімен тікелей байланыста болғандықтан, әрбір партия мүшесіне партияның мақсатын, егеменді еліміздің саяси өміріндегі рөлін түсіндіру аса маңызды екенін айтты.

Семинар жұмысына Түркістан қаласы әкімінің орынбасары Мекенхан Қырықбаев, Түркістан қалалық мәслихатындағы «АМАНАТ» партиясының фракциялық мүшелері қатысып, іс-шара қатысушыларына ізгі тілектерін жеткізді. Жиында партияның облыстық филиалына қарасты бастауыш партия ұйымдарының қызметін талдау, олардың жұмысын бағалау, сын-ескертпелер мен ұсыныстары бойынша партияның өңірлік филиалы атқарушы хатшысының орынбасары Полат Тұрсын-



берілген жаңа нысандардың бірі – ботаникалық бағы бар «Жастар» саябағы. Барлығы 10,5 гектарды алып жатқан аймақта ұзындығы 2 шақырымды құрайтын жүгіру жолы мен веложолға қарастырылған. Ботаникалық бақта Жерорта теңізі, Латын Америкасы, Еуропа, Оңтүстік Шығыс Азия және тағы басқа аймақтарға тән 70-тен астам өсімдіктердің түрлері күтімге алынған. Мұнда пальма, фикус, тропикалық шөл, субтропиктік, цитрус өсімдіктері баптауға алынып, қала мектептерінің биология сабақтарын тәжірибе жүзінде өткізуге жағдай жасалған. Саябақта құстар мен балықтардың алуан түрі күтімге алынған.

Жұмыс сапары барысында бастауыш партия ұйымдарының жетекшілері «Үздік бастауыш партия ұйымы» байқауының облыстық кезеңінің жеңімпазы болған «Түр-

баев хабарлама жасады. Партияның облыстық филиалы саяси жұмыстар бөлімінің меңгерушісі Бекзат Мисілалов, қоғамдық қабылдау бөлмесінің меңгерушісі Манат Жадақова, жауапты консультант Жанкелді Дүйсенбаев хабарламалар жасап, Сайлауалды бағдарламаны іске асыру жөніндегі Жол картасының орындалуы, азаматтардан партияға түсіп жатқан арыз-шағымдар бойынша атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады.

Іс-тәжірибе жөнінде хабарлама жасаған Түркістан қаласы «Бірлік» бастауыш ұйымының жетекшісі Гүлмира Алдабергенова мен «Түркістан» бастауыш ұйымының төрағасы Аманжол Мәди партияның төменгі буын ұйымдарының қызметін жаңа деңгейге шығару жөніндегі ұсыныстарын ортаға салды.

Раушан НАРБЕК

МЕДИАЦИЯ

Медиацияның негізгі мақсаты – тараптарды өзара келісімге келуге, дау-жанжалдарды бейбіт жолмен шешуге ынталандыру. Бұл процесс барысында медиатор дауласушы тараптардың мүдделерін тыңдап, оларды ортақ келісімге келуге бағыттайды, бірақ шешім қабылдау құқығы тек тараптардың өзінде ғана болады.

ТАТУЛЫҚ ПЕН ТҰТАСТЫҚ КЕПІЛІ

Медиация әдісі даудың күрделілігіне немесе масштабына қарамастан тиімді болуы мүмкін. Жеке тұлғалар арасындағы тұрмыстық даулардан бастап, кәсіпорындар арасындағы коммерциялық дау-жанжалдарға дейін медиация барлық деңгейде қолданылуы мүмкін. Бұл әдіспен құқықтық жүйенің ауыртпалығын азайтып, тараптар дауды бейбіт жолмен шешеді.

Сот процесі ұзаққа созылып, көп шығынды талап етуі мүмкін. Ал медиацияның мерзімі әлдеқайда қысқа және шығындары төмен. Бұл әсіресе жеке тұлғалар мен кәсіпорындар үшін маңызды фактор.

Сот отырыстарының көпшілігі ашық болады, ал медиация барысында барлық талқыланған мәселелер құпия сақталады. Бұл тараптардың жеке ақпаратын қорғауға және олардың арасындағы қарым-қатынасты сақтау үшін маңызды.

Медиация әдісі қоғамдағы жалпы татулық пен тұтастықты сақтауға бағытталған. Даулардың бейбіт жолмен шешілуі адамдардың бір-біріне деген сенімін арттырады және қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықты сақтайды.

Қазақстанда медиацияның заңнамалық негіздері соңғы жылдары белсенді түрде қалыптасып келеді. Қазақстандық қоғам үшін медиацияның маңыздылығы, оның адам құқықтарын қорғау мен әлеуметтік әділдікті сақтау жолындағы үлесі зор. Бейбіт келіссөздер жүргізу арқылы дауласушы тараптардың өзара құрмет пен түсіністікке негізделген шешімдерге қол жеткізуіне ықпал етеді.

Медиация – татулық пен тұтастықтың кепілі, себебі ол қоғамдық дау-дамайларды бейбіт жолмен шешуге мүмкіндік береді. Бұл әдіс қоғамда үйлесім мен келісімнің қалыптасуына, адамдардың бір-біріне деген сенімін арттыруға және құқықтық жүйеге жүктемені азайтуға әсер етеді. Қазақстанда медиацияның дамуы бұл әдістің тиімділігін, заманауи қоғамда қажеттілігін көрсетеді. Адамдар арасындағы дау-дамайларды шешудің ең тиімді және адамгершілік жолы – медиация болып қала бермек.

Дана МАНАП,
Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық тергеу сотының бас маманы

ПӘРМЕН

СОТ ТҮРҒЫН ҮЙ КЕЗЕГІНЕН ШЫҒАРЫЛҒАН АЗАМАТТЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАДЫ

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты тұрғын үй кезегінен заңсыз шығарылған азаматтың талап арызы бойынша азаматтық істі қарады.

Талап қоюшы 2009 жылы «халықтың әлеуметтік осал топтары» санатына жататын тұлға ретінде тұрғын үйге мұқтаж ретінде есепке алынған. Алайда, 2024 жылдың тамызында тұрғын үй комиссиясы оны кезектен шығару туралы шешім қабылдаған. Бұл шешімнің негізінде талап қоюшының отбасылық табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 3,1 еселенген мөлшерінен асқаны және жұбайының атына тіркелген үйдің иеліктен шығарылғаны туралы деректер жатты.

Талап қоюшы бұл шешіммен келіспей, сотқа жүгінді. Ол иеліктен шығарылған тұрғын үй апатты жағдайда екенін және тұруға жарамсыз екенін дәлелдеп, отбасының нақты табыстары мен әлеуметтік жағдайын қайта қарауды талап етті.

Сотта анықталғандай, жылжымайтын мүлік 2023 жылы талап қоюшының жұбайына сыйға тарту шарты негізінде берілген, бірақ көп ұзамай ол қайтадан иеліктен шығарылған. Үйдің жалпы ауданы 47,3 шаршы метрді құрайды, ол 1967 жылы саманнан салынған және тұруға жарамсыз деп танылған. Отбасының жиынтық табысы қайта қаралып, есептеулер бойынша, табыс ең төмен күнкөріс деңгейінен сәл ғана асқанымен, отбасының нақты әлеуметтік жағдайы тұрғын үйге мұқтаждықты растайды. Талап қоюшының отбасында бірге тұрмайтын мүшелер де ескерілген. Сот отбасының нақты құрамы мен тұрмыстық жағдайын назарға алды.

Соттың шешімімен комиссияның талап қоюшының тұрғын үйге мұқтажтар тізімінен шығару туралы шешімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмейді деп тапты. Комиссия шешімі заңсыз деп танылып, күші жойылды. Сонымен қатар, сот талап қоюшының тұрғын үйге мұқтаж ретінде кезекке қайта қоюды міндеттеді. Сот шешімі заңды күшіне енген жоқ.

Анар ШЕКЕНОВА,
Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының бас маманы

ТАҒЫЛЫМ

ӘКЕНІҢ РӨЛІ – ҰРПАҚҚА ҮЛГІ

Қазақ халқы қашанда әкені отбасының тірегі, асқар тауы деп құрметтеген. Әке тек асыраушы ғана емес, балаларына өнеге беріп, оларды өмірге дайындайтын тұлға.

Қазіргі заманда да әке тәрбиесі мен оның отбасындағы белсенді рөлі қоғам үшін маңызды. Осы орайда Қ.А.Яссауи атындағы №123 мектеп-гимназиясында ұйымдастырылған «Отбасы – ұлт тірегі» атты әкелер форумы, спорттық спартакиада, әкелер мен балалардың бірлігін арттыруға, олардың қарым-қатынасын жақсартуға бағытталды. Отбасы – ұлттың іргетасы, әке – отбасының

тірегі. Осы ұстанымды басшылыққа алған «Әкелер форумы: отбасы – ұлт тірегі» атты спорттық спартакиада Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына орай ұйымдастырылды. Шараның басты мақсаты – әкелердің отбасы алдындағы жауапкершілігін арттыру, балаларымен қарым-қатынасын нығайту және отбасы құндылықтарын дәріптеу.

Қазақ дәстүрінде әке – отбасы



ның қорғаны, тәрбиенің негізі, баласына өмірлік жол сілтейтін көшбасшы. Шара аясында әкелер әртүрлі спорттық сайыстарда бақ сынасты. Мектептің дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің арнайы дайындаған

бағдарламасы бойынша жарыстар ұйымдастырылды. Жарыс тек физикалық шеберлікті ғана емес, сондай-ақ ұйымшылдық пен өзара қолдауды қажет етті. Қатысушылар арқан тарту, гір тасын көтеру, қол

күрес, стол үсті тенісі, асық ату, баскетбол және басқа да спорт түрлерінде сынға түсті.

Жеңістің 80 жылдығына арналған бұл шарада қатысушылар батыр балалардың ерлігін еске алып, спорттық ойындар арқылы жеңіс рухын сезініп, батылдық, табандылық, төзімділік секілді қасиеттерді бойларына сіңірді.

«Әкелер форумы: отбасы – ұлт тірегі» – тек спорттық сайыс ғана емес, ұрпақтар сабақтастығын жалғайтын, отбасылық құндылықтарды нығайтатын маңызды бастама.

Азиза СЫДЫҚОВА,
Қ. Яссауи атындағы №123 мектеп-гимназия директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

ҒЫЛЫМ

ПІКІР

ҮЗДІКТЕР АНЫҚТАЛДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде дәріс беріп жүрген оқытушылар қатарында ғылымда із қалдырған, қазақ ғылымының дамуына өлшеусіз үлес қосқан ғалымдар аз емес. Сондай іргелі ғалымдардың ізін жалғайтын, ізденістерін ілгерілететін ізбасарларды дайындау уақыт талабы. Осы мақсатта жыл сайын «Үздік оқытушы», «Үздік ғылыми қызметкер» байқаулары ұйымдастырылып келеді. Жақында 2024 жылдың қорытындысы бойынша үздіктер анықталды.

Конкурс жеңімпаздарын құттықтау рәсіміне Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Басқарма төрағасы-Ректор Жансейіт Түймебаев және өзге де жоғары оқу орындарының басшылары қатысты.

Марапаттау рәсімінің салтанатты шарасын ректор Ж.Түймебаев ашты. Ректор университетіміздің QS World University Rankings 2025 (QS WUR) халықаралық рейтингінде әлемдегі ТОП-200 ЖОО қатарына қосылып, 163-орынға көтерілгенін, 2025 жылғы Азияның үздік университеттері – QS Asia University Rankings 2025 рейтингінің нәтижелері бойынша Қазақ Ұлттық университеті 29-орынға ие болғанын жеткізді. Сондай-ақ білім ордасында кешенді құрылымдық жаңғырту жүргізіліп, бірлескен ғылыми халықаралық зертханалар ашылғанын, оқу ордасының базасында шетелдік университеттердің филиалдары ашылып, өз жұмысын бастағанын, жоғары стандарттарға сәйкес халықаралық аккредиттеуден өткен эксперименттік білім беру бағдарламалары әзірленгенін атап өтті.

Биылғы оқу жылы халықаралық шарттар негізінде Ресейдің Омбы қаласындағы Ф.Достоевский атындағы мемлекеттік университетінде ҚазҰУ-дың филиалы ашылды. Білім алушылар «Кеден ісі», «Халықаралық қатынастар» және «Қазақ тілі» білім беру бағдарламалары бойынша оқи алады.

Салтанатты шарада үздік оқытушы, үздік ғылыми қызметкер марапатын Саясат Нұрбек мұраза тапсырды. Министр әрбір үздік жеңімпазды құттықтай отырып, мемлекетіміздің ғылым мен білім саласына үлес қосқанына алғысын білдірді. Аталған конкурс жеңімпаздарын марапаттау университеттің заманауи орталығы «Farabi HUB-та» өткізілді.

«Farabi HUB» – ғылыми идеялар мен әзірлемелерді бәсекеге қабілетті жоғары технологиялық өнімдерге айналдыруды қолдауға бағытталған инновациялық орталық. HUB тұжырымдамасы қазақстандық шындыққа



бейімделген озық халықаралық тәжірибеге сүйенеді және тұрақты даму мен халықаралық ынтымақтастыққа бағытталған.

Қазақстанның барлық аумағынан жиналған үздіктер орталық жұмысымен танысты. Республика бойынша «Үздік оқытушы» марапатын алған 150 үміткердің 36-сы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушылары, бұл жайт университетіміздің мерейін үстем етіп, мәртебесін асыра түсетіні сөзсіз. Осы үздік оқытушылар арасында бір ғана заң саласының маманы бар екен. Ол заң факультеті, кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының кандидаты, 25 жылдық педагогикалық тәжірибесі бар Гүлнар Айғаринова. Бұл марапат әріптесіміздің кәсіби шеберлігі мен ғылым-білім саласына қосқан зор үлесінің айқын көрінісі болып табылады.

Ұстазымызды ұжым атынан жеңісімен шын жүректен құттықтаймыз. Алдағы уақытта да ғылым және педагогикалық қызметте жаңа жетістіктерге жетуіне тілектеспіз.

Уәлихан АХАТОВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Заң факультетінің деканы
Заң ғылымдарының кандидаты,
профессор

«СӨЗІ ЖОҒАЛҒАН ҰЛТТЫҢ ӨЗІ ДЕ ЖОҒАЛАДЫ»

Тіл – ел тәуелсіздігінің айғағы. Қай ұлттың болсын туған тілі қастерлі де қасиетті. Қазақ тілі тәуелсіздікпен бірге дамып, мәртебесін биіктетіп келеді.

Ертеде ата-бабаларымыз бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Тарих пен танымды, салт-дәстүрді ананың тілімен баланың бойына дарытқан. Өз тілінде сөйлеп, оны қадір тұтқан азамат ертеңгі күні елі үшін аянбай еңбек етері сөзсіз. Ана тіліміз арқылы біз халқымызды, Отанымызды танып білеміз, әр адамның азаматтық қасиеті – өз халқың, өзінің атамекенін сүюімен, өз ана тілін ардақтай білуімен өлшенбек. Әркімнің тілге деген құрметін өз анасына, өз ұлтына, өз Отанына деген құрметінен білуге болады.

Көрнекті қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы «Ұлттың жоғалуына себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған

ұлттың өзі де жоғалады» деген екен. Сондықтан, тілді білу, елдіктен ажырамаудың тетігі екенін ұмытпайық.

Өз ана тілін ұмытқан адам – өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді. Иә, бүгінгі қоғам өзге тілдерді үйренуге ешқандай шек қоймайды. Алайда қазақ тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеруге әрбір қазақ азаматының үлес қосқаны жөн. «Тәрбие – тал бесіктен» демекші, әр отбасы жас сәбиге ең бірінші өз тілін үйреткені жөн.

Сырым УРАЗБАЕВ,
Түркістан облысы
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік соты
кеңсесінің жетекші маманы

Баспасөз – 2025

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді. Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanzreklama@mail.ru

ӨРТҮРЛІ

2. Қарағанды қаласы Қазыбек би ауданының №2 аудандық сотында Король Наталья Михайловнаның арызы бойынша азаматтық іс қозғалды. Арызда Жоров Виталий Владимирович (08.10.1993 ж.т.) пен Жорова Ирина Витальевна (01.09.1970 ж.т.) хабар-ошарсыз кеткен деп тану сұралған. Аталған азаматтардың тұрғылықты жері туралы ақпараты бар тұлғалардан осы хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай ішінде сотқа хабарласуын сұраймыз.

8. Конго-Қырым геморагиялық қызбасы (ККГК) – бұл вирус қоздырышынан туындайтын аса қауіпті жұқпалы ауру, науқас дер кезінде медициналық көмекке жүгінбеген жағдайда, өлім жағдайына әкеліп соқтыруы мүмкін.

Конго Қырым геморагиялық қызбасының (ККГК) клиникалық белгілері: - Дене қызуы көтерілуі; - Бас, буын және бел ауыруы; - Мұрын, тістің қызыл ауыруы қан кетуі; - Денеден қан бөртпелері байқалады.

Аурудың алдын алу үшін табиғи ошақ аумағында орналасқан елді мекендердегі жануарларды, қора-жайлар мен үй жайларының аумағын кенеге қарсы залалсыздандыру. Табиғи ошақтарда орналасқан тұрғындар малдарды күтіп қарағанда және қырықм кезінде кенелердің шабуылынан және кене қанымен жанасты болдырмау мақсатында жеке қорғану үшін арнайы киім кию қажет (қалпақты комбинезон, шалбардың балағын шұлықтың ішіне салу, жақсы қорғалған реңкейлі манжетті жеңі ұзын көйлек, ұзын балақты шалбар кию қажет. Денеге кененің жабысқанын тексеру үшін өзіңіз және өзіңізге байқалмайтын орындарды (мойын, бастың шаш бөлігі, дененің арты жағы т.б.) бір-біріңіздің үстертіңізді мұқият қарап отыру қажет.

Кенелердің шабуылынан қорғайтын сыртқы қолданысқа арналған рұқсат етілген аэрозольді шашыратқыш құралдарын қолдану қажет.Кене шаққан немесе кенемен жанаста болған жағдайларда міндетті түрде жергілікті емдеу мекемелеріне барып, 14 күн медициналық бақылауда болуыңыз қажет.

ҚР ДСМ СЭБК «ҰСО»ШЖҚ РМК
«Түркістан облысы бойынша дезинфекция орталығы»
филиалының эпидемиолог дәрігері
Бәйтен Б.Қ

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кенсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

6. Астана қаласы, А.Кравцов көшесі, 6, мекенжайында орналасқан «Кредит Сервис Ломбард» ЖШС күн сайын жұмыс күндері (дүйсенбі – жұма) сағат 10:00-де сатып алынбаған кепіл мүлкінің сауда-саттығы өткізілетінін хабарлайды. Анықтамаға арналған телефоны: +7 702 321 86 86. Лиц. 01.21.0009Л.

9. «F Link (ЭФ Линк)» ЖШС (БСН 230640038065) жарғылық капиталдың азайғанын хабарлайды. Талап-арыздар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Розыбакиев көшесі, 259.

10. Тұтынушыларға арналған ақпарат «Қазсушар» РМК Солтүстік Қазақстан филиалы «Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті» РММ-нің 2025 жылғы «3» наурыздағы № 24-НҚ бұйрығы негізінде 2025 жылғы 10 наурыздан реттелетін қызмет түрі бойынша «Тірек гидротехникалық құрылыстардың көмегімен жер үсті ағынын реттеу» ҚҚС есептемегенде 1 м3 су үшін тариф 0,97 теңгені құрайтынын Сіздің назарыңызға жеткізеді.

ТАРАТУ

3. «Алматы облысының тәуелсіз кәсіпкерлер қауымдастығы «Дара» Жеке кәсіпкерлер және заңды тұлғалардың бірлестігі» (БСН 231240004831) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Қонаев қаласы, 3-ықшам ауданы, 6-үй, 66 т.е.б. Тел. 8704547664.

4. «ӘШІМ» ЖШС (БСН 980440005512) заңды мекенжайы: Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қаласы, Исмаилов көшесі, 17-үй, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Қызылжар ауылы, Пошан Датқан, 19-үй, тел. 87013804750.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кенсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кенсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривонова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133. ЖК «Аюбаева». Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

Мүлгіген мола жаққа қарды омбылай басып бара жатқан бесеуге мал жайғап жүрген ақсақал бас шайқай қараған. Түнімен толассыз жапалақтаған ұлпа тізеден асыпты. Әлгі бесеуге жол бастаған Әскери тергеуші Қайсар Сапаров еді. Қасындағы сырықтай жігіт осы округтің учаскелік полиция инспекторы Әділет Ілеспаев. Кеше таң атар-таптастан Өскеменнен шыққан әскери тергеуші кеш кіре тау қойнауындағы Өспен ауылына ілінген. Келе сала ауылдағы инспекторды іздеп тауып, екеуі жоспар құрысқан. Жо-жоқ, жоспарды тергеуші жігіт тәптіштеп айтып берген. Инспектор бас ізеп, тыңдап қана отырған-ды.

– Тыңда, лейтенант Ілеспаев. Неге келгенімді біліп отырсың. Кісі өлімі орын алды. Оқиғаның қалай болғанын, кімнің кінәлі, кімнің кінәсіз екенін бес саусақтай білемін. Бірақ, әзірше дәлелім жоқ. Істі соңына дейін жеткізіп, қанішерді түрменің түбінде шірітемін, – деді Қайсар орнынан тұра беріп.

Өншейінде ауылда едіреңдеп жүретін инспектор ләм демеді. Темекісін тұтатып, қырауланған терезеге көз тастады.

– Былай болсын! – деді Қайсар қайта орнына жайғасып жатып, – осы ауылдың араққа жұмыс істейтін ішкіштерін танитын шығарсың...

– Танығанда, ауылдың аяққы көшесінде, бергі баста, – дей бергенде

– Жина соларды. Мә, мына ақшаға бір жәшік арақ, шұжық-мұжығын сатып ал, – деп, кеңестік кезден қалған ескі үстелге он мың теңгеліктің екеуін тастады. Инспектор жігіт «сіз маған бұйрық беруге құқыңыз жоқ» дегісі келгенімен, батылы бармаған.

Өспен ауылындағы жалғызбасты ана Әлима Жайлаубаевадан арыз түспесе, қыстың боранында ит арқасы қияндағы ауылда әскери полиция капитаны Қайсар Сапаровтың несі бар еді?! Күздің мизам шуақты күнінде алаңсыз ғана қыс қамын жасап жүрген ананың төбесіне қара бұлт үйірілген. Түс ауа үй телефоны шыр етті. Тұтқаны жұлып алды;

– Алло,
– Сәлеметсіз бе?! Әлима Жайлаубаева ма?

– Иә, – деді бәсең дауыспен.
– Елжан Кәрімовтың анасысыз ғой..

– Бұл кім екен? Тыныштық па?
– Бұлақты шекара заставасы командирінің орынбасарымын ғой. Сіз еш уайымдамаңыз. Бәрі жақсы болады. Айтайық дегеніміз, ұлыңыз аттан құлап, жеңіл-желпі жарақат алып қалды. Аудандық ауруханада ем-домын алып шыққан соң, үйде болады біраз...

Ана жүрегі сезбей қойсын ба?! Тұтқаның арғы жағындағы дауыс тұншыға берді. Әлиманың көзі жасаурап, диванда отырған күйі қозғала алмады. Бір мезет дүние төңкеріліп, астаң-кестең болды да кетті. Ерtesінде ұлын тікұшақпен Өскеменге алып кетті деген хабарды естігенде тіптен естен танды. Көршісінің салдыр-гүлдір жигуілімен Марқакөл түсіп, одан ары облыс орталығына таксимен шыққан.

Аурухана дәлізі. Дәрі-дәрмек иісі қолқаны қабады. Дәрігер көп күттірмеді. Ақжаулықты ананы жеке кабинетіне алып кетіп, Елжанның жағдайын бүкпесіз баяндады. Сөз соңында ананың мөлдіреген көзіне жылт еткен үміт сәулесін де уялатқан. Жанашырлық танытқан дәрігер Әлиманы иығына ақ халат жауып, реанимация бөлімінде жатқан ұлының палатасына алып кірген. Ұлын мұндай жағдайда көремін деп үш ұйықтаса, түсіне кіріп пе?! Аузы-мұрнына трубка тығылған күйі қимылсыз жатыр. Анасы маңдайынан сипады. Басында еш жарақат жоқ, сау сияқты.

– У-у-уһ. Құдайым-ай! Әлі-ақ шауып кетесің, құлыным. Уайымдама! Жаратқан баламен сынамай-ақ қойса қайтер еді?! Өмір әділетті болса, дәл сен мұндай жағдайға тап болмас едің. Жан баласынан жақсылығыңды аямайсың. Алтыным сол, көзіңді ашшы! Көрші-қолаң да сәлем айтты. Тез сауықсын дейді. Көп тілегі көл. Қабыл етеді құдай! – деп орнынан тұрды. Қимылсыз жатқан баласының маң-

дайынан иіскеді. Бала да анасының келгенін сезсе керек, көзінің қиығынан мөлдір жас мамық жастыққа домалап түсті. Дәрігер Әлиманы шынтағынан демеп, дәлізге қарай бастаған.

Көңілі жайланғандай ағайының үйіне келіп, сәл қисайып, мызғыған. Ұйықтап кетіпті. Таңға жуық есік қағылып, ұлының достары кіріп келе жатқанда Әлиманың көз алды тұманданды да кетті... Ана байғұс естүсі кіресілі-шығасылы ауылына қалай жеткенін білмейді. Сүйекті әкелген күні Өспеннің аспанына қара бұлт төнгендей еді. Бір-ақ сәтте үй іші азан-қазан болды да кетті. Күн мен түні қайсы, ес пен түсі қайсы, белгісіз еді.



Күндер өтті. Бәлкім бес күн, бәлкім он күн. Сыртқы есік шиік етіп ашылған. Шәуілдеп үре жөнелетін ит те бас көтермеді. Әскери азаматтар келіп, бірнеше қағазға қол қойдырып, азын-аулақ көмегіміз деп ақша қалдырып кеткен. Әлима ол ақшаның мөріні де көрген жоқ. Алматы мен Астанадан келген ұл-қызы сандыққа салып қойды, керегінде ұстарсың дескен. Оны Әлима ұлының қырқын атқарып, келімді-кетімді елді шығарып салған соң ашқан. Қомақты сома. Бұл сәтте Әлиманы қызықтырған ақша емес, мұншама ақшаны неге берді деген сауал санасын шымшылаған. Ол ойынан шыға беріп еді, Бұлақты заставасының командирі Марлен Кенжебековтың басқа жаққа ауыстырып жіберіпті дегенді естіген. Артынша анау көрші қатындардан «Елжанды командирі пышақтап өлтіріп, өзі қашып кетіпті» деген әңгіме Әлимаға да жеткен. Жел соқпаса, шөптің басы қимылдай ма?! Әлима полицияға неше рет арызданғысы келіп, райынан қайта берген. Әділдікке жетер-жетпесіне күмәнданған да қойған.

Қараша туып, алғашқы қар жауды. Өзін-өзі іштей мұжіп жүрген Әлима ақыры Астанадағы қызына хабарласып, ауылдағы қаңқу әңгімені жайып салған. Ол күні екеуі телефонмен ұзақ сырласқан.

– Астанадасың ғой, жаным. Министрлерге қалай хат жазу керектігін білесің. Болмаса, Президентке жаз. Бірі болмаса, бірі оқиды. Көңілде жүрмесін. Түптің түбі әділдік орнайтын шығар. Сөйте ғой, балапаным, – деп қызына тапсырған.

Содан кейін-ақ Әлимаға құқық қорғау органдарынан хабарласып, бірлі-екілі сұрақ қойған. Заң бойынша әскери полицияға арыз жазып, қол қою керектігін айтқан. Айтқандай, Әлима орталыққа барып, арыз түсірген.

Кешкі Өскемен. 2003 жылдың 18 қарашасы. Әскери полиция ғимаратының екінші қабатындағы төргі бөлменің ғана жарығы жанып тұр.

– ...Түсінікті ме, капитан? Бұл өте жауапты тапсырма. Министр өзі бақылауына алып отыр. Қылмыстық іс қозғалды. Енді соны соңына дейін жеткізу керек. Сенің тәжірибең мол. Әрине, қылмысты дәлелдеу оңайға соқпайтынын біліп тұрмын. Десе де,

қолыңнан келеді. Ертең ерте жолға шық! – деп, әскери полиция басшысы тапсырманы қадап тұрып берген.

Сапаров қай тапсырмаға болмасын жауапкершілікпен қарайды. Бұған дейін де қаншама қылмысты ашты. Аудандарда жүріп те біраз тентекті тезге салған. Бұл жолғы әлдеқайда қиын, әлдеқайда күрделі еді. Күдіктіні қолға түсіру, оны тергеу түк емес. Әлима Жайлаубаевадан түскен арызда «ұлыма эксгумация жасап, алған жарақаттарын қайта зерттеуін сұраймын» делінген. Қайсар Сапаров қаншама қылмыстың бетін ашса да, қабірдің бетін ашып көрмеген. Сол үшін де ғой, ауылдағы ішімдікке құмар жігіттерді жинаған.

ішіне түсті. Үш ай бұрын жерленген сүйекті енді қалай алып шығар екен. Инспектор темекісін тұтатты. Көк түтін көрден шыққан көк иісті басқандай. Сапаров жүрелей отырып мұрденің бас жағын көтере беріп еді, біреу бас салатындай елестеп кетті де, тастай салды. Өзі ұшып тұрды. Қорқыныш дендеп алған.

– Қайсар аға, «өліден қорықпа, тіріден қорық» деген бар. Басын ұстаңыз, мен аяқ жағын көтеріп, шұңқырдың жиегіне қояйық, – деді Ілеспаев сабырмен.

Тергеуші үн қатпады. Қайта еңкейді. Екеулер көтеріп көріп еді, мұрденің белі бугіліп бара жатты. Инспектор оң қолмен бел тұсынан демеді. Иіс танауды жарып әкетіп бара жатқаны болмаса, ауыр емес. Екеулеп жүріп, шығарды. Бір-бірін демеп, өздері шықты. Ентіктерін баспастан, үсті-бастарын қақты. Бағанағыдай қорқыныш жоқ. Екі-үш сағат бұрын жеткен жедел жәрдем көлігі жол жиегінде күтіп тұр. Жедел жәрдем көлігі жүйткіген күйі аурухана ауласындағы қабырғасы қақыраған ескі ғимараттың алдына келіп тоқтады. Астанадан келген криминалист, эксперттер білек сыбана дайын отыр екен.

Көп ұзаған жоқ. Эксперт мамандар қорытындысын шығарып, әскери полицияға жолдаған. Екі-үш парақ қағазды капитан Сапаров бір демде оқып шықты дағы, басшысына «не бұйырасыз?» дегендей көзбен қараған.

– Мұқият оқып шықтың ғой, батыр. Эксперттер тырнағынан бастап, ішкі органдарына дейін зерттеді. Басы-қасында өзің де жүрдің, көрдің. Қорытынды осы; сол жақ қабырғаларын сындырған, желке тұсынан ұрып, жұлынын зақымдаған. Соққыға жығылған соң жатып қалған. Алғашқы көмек деген атымен жасалмаған. Қысқасы, – деді әскери полиция басшысы көзілдірігін шеше беріп, – Бұлақты заставасының командирі Марлен Кенжебековты уақытша ұстау изоляторына қамауға аласың. Ордер бүгін дайын болады. Күдіктінің мекенжайын нақтыла. Куәгерлерді де тізімдеп қой.

Қайсар істің алға басқанына күнанды. Айналырған екі-үш күн ішінде күдікті Марлен Кенжебеков тұрып жатқан Таразға жеткен. Есіктің қоңырауы шыр еткенде Марлен бала-шағасымен таңғы ас ішіп отырған. Есікті өзі ашты.

– Марлен Кенжебеков сіз бе? – деді қызыл куәлігін ашып көрсеткен әскери инспектор.

– Дәл солай! – деді күдікті көздері жапақ-жапақ етіп.

– Киіңізді, кеттік.

Қайсардың тектілігі, көрегендігі шығар. Кісенді бала-шағасының көзін салмаған. Тысқа шыққан соң ғана автомат асынған жасақтың басшысы қолын қайырып, кісендеп, көлікке жайғастырды. Өскеменге жеткенде куәгерлер де тергеу бөлмесінің дәлізіне күтіп отырған. Оларға қаладан шықпау туралы тілдей қағаз берілген. Үш-төрт күн тергеуіне алынған Марлен Кенжебеков Елжан Кәрімовты ұрдым деп мойындамады. Аттан құлады деумен ғана болды. Кейбір сөздері қиыспай, сасқалақтағаны да бар. Бұдан соң тергеушілер келесі амалға көшкен. Қос куәгерді шақыртып, тергеу бөлмесіне кіргізген. Капитан Сапаров сұрақ қоя бастағанда, бастығы шақыртып, бөлмеден шығып кеткен. Есік жабыла сала екеуі ақылдаса бастаған.

– Командирді бәрібір мойындатады. Екеуіміз ілініп кетпесек де, оның ұрғанын көрген біз ғанамыз. Так что, шындықты айта салайық, – деген төргі жақтағы толықтау келген қара жігіт.

– Шындықты айтсаң, бізді жайымызға қалдырады деп тұрсың ба? Марленнің қолы ұзын. Бізден кек алмай қоймас. Әзірше үндемейік, – дей бергенде шақтатан форма киген полиция қызметкері шыққан. Дәл сол сәтте есіктің арғы жағында тұрған Қайсар да кірген.

– Ал, жігіттер! Естідік. Оқиғаның қалай болғанын да білеміз. Командирлерің бәрін жайып салған. Оның

айтқанымен, сендердің айтқандарың сәйкессе, күәгер ретінде ғана сотқа тартыласыздар. Ал, бір өтірік байқасақ, іс қағазын қылмысқа қатысушы деп толтырамыз да, әскери прокуратураға жібереміз, олар сотқа тапсырады. Ал соттың қандай шешім шығаратынын өздерің болжай беріңдер, – деген Сапаров әріптесінің алдына ақ парақты сырғытты. Куәгердің бірін басқа бөлмеге алып кеткенде, екіншісі бар болған оқиғаны бүкпесіз жайып салған.

– Екеуінің арасындағы келіспеушілік жаздың күні басталған. Бұлақты заставасы тұсындағы шекара таулы өлке болғандықтан, тікенекті сым толық тартылмаған. Арғы беттен бері өту оңай. Өзенді бойлап өтіп жатқандардың қарасы көп еді. Олардың әрқайсысы командирге 10 мың теңгеден төлеп отырған. Күніне кемі он адам кірді десеңіз, 100 мың бүтіндей командирдің қалтасына түсіп тұрды. Біз ол ақшаға қызыққан да емеспіз. Жалақымыз уақытылы түссе соған қуанар едік. Марлен кейде ғана ауылға түсіп, тәтті-дәмді, ішіп-жем, қымбат темекі алып келетін. Сарбаздар оған мәз болып, алғыс айтатұғын. Шекарадан заңсыз кіріп жатқандардан ақша алып жүргенін сарбаздардың бәрі біледі. Бірақ, бұл бұрыннан келе жатқан дала заңы секілді қабылдайтынбыз. Шекарадан кірген аласа бойлы, қысық көзді жігіттер беткейлерден шұғынық гүлін қазып, тамырындағы құртты жинап жүрді. Өңдімейтін жұмыс еді. Әйтеуір, арғы бетте өте құнды екенін естігенбіз.

Сол кезде ғой, Елжан жердің ойраны шыққанына, шекарадағы басыздыққа іштей күйініп жүретін. Жеке жерде мұнымыз дұрыс емес деп сан рет айтқан. Есіл байлықтың ел асып жатқаны жарамас деп, жоғарыға хат жазамын деп те жүрген. Қайтыс боларынан екі-үш күн бұрын командир Кенжебеков арғы беттен өтіп келіп, гүл қазып жүрген азаматтарға «салықты» өсірді дегенді естігенде, көрсетемін бұған деп ашуға булыққан. Айтқанындай, түн ортасы тамыр қазған тамырластарды арғы бетке өткізіп тастаған соң, екеуі казарманың алдында ерегесіп қалды. Елжан қылмыстың жаһанға жар салып әшкерелеймін деп зеки бергенде, командир жұдырық серменген. Шапшаң жігіт басын тартып үлгерген де, командирін аяқтан шалып құлатқан. Ауыр дене гүрс еткен де, басы солқ еткен. Біз командирді қолтығынан демеп тұрғыздық. Тұра салды да қабырғада тұрған өрт сөндіру күрегіні жұлып алып, Елжанның соңынан кеткен. Тарп-тарп басып, біз бірге жүгірдік. Тоқтатуға шамамыз емес, батылымыз жетпеді. Біз жеткенше, екеуі алыса бастады. Командирдің қорбиган денесі ғана, Елжан тағы да жамбасқа тастады. Бірақ қол көтермеді. Сонымен екі жаққа тарқасқан. Түнде ғой, Елжан бөлмесінде теріс қарап, етігін тазалап отырған кезде Марлен ұрланып барып балғамен желке тұсынан ұрған. Ол жағдайды біз көрмедік, шыншымды айтайын. Тарс-тұрс еткенде ғана жүгіріп жеткенбіз. Бөлмеге ентелей еңсек, командир тепкілеп жатыр. Бізді көрді де шығып кетті. Біз ес-түссіз халдегі Елжанды көтеріп, төсегіне жатқыздық. Кімнің шешіп, қабырға тұсына сулап дәке бастық. Сол кезде көзін ашып, жүрегіміз айнып кетті деген. Біз көзін ашқанына қуандық. Көлікке салып дәрігерге апарар едік, командир бұл жағдайды ешкім білмесін деп қатты ескертті. Қорқытты. Түнімен ес жимаған соң ғана ауруханаға апарғанбыз. Содан кейін оқиға қалай өрбіді, білмеймін.

Тіпті заставадағы сарбаздардың өзі төбелес болғанынан бейхабар. Тек, қаралы хабарды ғана естідік, – деп ағынан жарылған куәгер азамат.

Екінші куәгер де айна қатесіз осылай деп баяндаған. Бәрі тайға таңба басқандай анықталды. Карта ашылды. Артынша, күдікті де қылмысын мойындап, басын төмен салған. Өкінген, өксіген. Алайда, гүл үшін үзілген ғұмыр кешірілмейді. Соттың балғасы тық етіп, үкім кесілген күні Өспен ауылына күн шуағын шашып тұрды. Алтайдың күнгеіне шұғынық гүлдері де жайқала біткен.

Мерей ҚАЙНАРҰЛЫ

МЕНШІКТІ ТІЛШЛЕР:

Астана Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
Шадиар Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklamaстана@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6481 дана
Апталық таралым 12 962 дана

Тапсырыс №934 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zangazet.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігін байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727) 51-78-31